



# МАХАМБЕТ ЖАСТАРЫ ЖЕҢІМПАЗДАР ҚАТАРЫНДА

Қостанай қаласында Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Baitursynuly Cup XVIII» республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Аталмыш пікірсайыс додасына Астана, Петропавл, Ақтөбе, Көкшетау, Семей, Қарағанды, Орал қалаларынан 36 фракция 72 спикер қатысып, Махамбет университетінен құралған команда үздік нәтиже көрсетіп, финалдық сайысқа шықты.

Қорытынды бойынша тарих, экономика және құқық факультетінің, тарих білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты **Жалмұқан Ерсұлтан** және филология факультеті, орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 3-курс студенті, «Ақиқат» ПО ЖҚБ президенті **Зарина Бозова** 2-орын иегері атанды.

Турнир барысында жаңа буын, яғни 1-курс студенттері ішінен жоғары ұпай жинаған пікірсайысшыларға «Жастар финалы» финалдық бәсеке ұйымдастырылды. Аталған финалдық сайысқа білім ордамыздың филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын пәні білім бағдарламасының 1-курс студенттері **Талапова Дильназ**, **Ширмедин Ақбота** жолдама алып қорытынды бойынша 2-орынды иеленді.

Ұшқыр ой мен сауатты сөйлеуді ұштастырып, жоғары нәтижеге қол жеткізген университет студенттерін құттықтаймыз.









# Білім берудегі көшбасшылық

1 ақпаннан бастап онлайн форматта басталған, Дүниежүзілік банк пен Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Финляндияның НАМК және JAMK университеттерімен бірлесе отырып жүзеге асырылып жатқан «Білім берудегі көшбасшылық» атты оқыту курсы 2024 жылдың 11-16 наурыз күндері Астана қаласындағы Nazarbayev University базасында офлайн форматта өз жалғасын тапты. Аталған оқыту курсына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінің деканы А.А.Тургумбаев, әлеуметтік ғылымдар БББ жетекшісі м.а. Б.М.Мырзабаева, тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі Г.Г.Турганалиева, бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі Л.Н.Ойлыбаева, музыка мұғалімдерін және орындаушылық өнер мамандарын дайындау БББ құрастырушысы Ж.А.Елемесов қатысты.



Бағдарлама мамандары – көшбасшылық бойынша тренинг жетекшісі Johanna Arling, Piia Kolho, Kairat Kurakbayev, Essi Ryumin, Ari Pokka.

Оқыту курсына көшбасшылық идеялары мен тәсілдерін қалыптастыру, білім берудегі көшбасшылықта жаңа технологияларды қолдану, болашақ туралы идеяларды қалыптастыру, нәтижеге мән бере отырып, мәселелерді шешу, әріптестер тарапынан қолдауды қамтамасыз ету тақырыптары қарастырылады. Курс 26-сәуірге дейін онлайн форматта жалғасады.

Қазақстанның «Білім беруді жаңғырту» жобасының мақсаттарына сәйкес педагогикалық білім беруді сәтті трансформациялауға әкелетін білім беру саласындағы өзгерістерді ілгерілету бойынша көшбасшыларды оқытуға бағытталған осындай курсқа қатысуға мүмкіндік берген М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басшылығына алғыс білдіреміз.

**Бақытгүл МЫРЗАБАЕВА,**  
Дүние жүзі тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы, магистр

## ЖАҒАНДЫҚ ГЕОПАРКТЕР. ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ



Жақында «Жағандық геопарктер. Әлемдік тәжірибе» атты оқыту семинарына қатыстым. Түрік әріптестері бізге Құл-Салихлы геологиялық паркінің құрылуы мен жұмысымен таныстырды. Кула жанартау геопаркі (тур. Kula Volkanik Jeoparkı) - Түркияның батысындағы Маниса, Куладағы геологиялық мұраның қорғалатын аймағы. 2013 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның жағандық геопаркі, Түркияның жалғыз геопаркі. Семинар өте пайдалы және танымдық болды.

Біздің университеттің ғалымдары шетелдік

ғалымдармен бірлесе отырып, 12 жыл бойы (2012 жылдан бастап) ғылыми әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдарында Индер көлінің маңында геопарк құруға шақырып келеді. Халықаралық ғылыми экспедициялар сериясы, Индер тұз күмбезі ауданының биологиялық және ландшафттық ертүрлілігіне түгендеу жүргізілді, бірнеше ғылыми монографиялар мен ғылыми мақалалар сериясы жарық көрді. Жақын арада «Индер» геологиялық паркі құрылып, ол еуропалық жағандық геопарктер желісіне және ЮНЕСКО қолдайтын жағандық геопарктер желісіне енеді деп үміттенеміз.

## Ағымнан бағыт алған күн...

### «МАХАМБЕТ ШАҚЫРАДЫ!»

Ақпан айының 26-жұлдызында Ақжайық ауданы, Чапаев ауылының М.Әуезов атындағы ЖОББ мектебінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен Жайық өңірінің жалынды жастарына арналған «Махамбет шақырады!» атауында Ашық есік күні және кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Көздерінде от ойнап, үлкен өмірге бір табан жақын қалған мектеп бітіруші түлектерге университет жайында, ондағы берілер ілім мен білім, мол мүмкіндік жайында сыр шертілді. Білім ордасында ескірмейтін, есте қаларлықтай студенттік шақтың куәсі болып жүрген, Мәдениет және өнер факультетінің талантты да талпынысы мықты өнерлі өрендерінің концерттік бағдарламасы да тарту етілді. Өр саланы қамтып, білім мен біліктілікті қатар үйретіп жүрген оқытушылармен пікір алмасу арқылы әр сауалға жауап та алынды.

Түбі түркі, түлігі жылқы елдің 14-наурыз Аман мерекесімен тұстасып, Бөрлі ауданы Ақсай қаласының №6 ЖОББ мектебінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен таңданысы мол жастарға арналған «Ашық есік күні» өткізіліп, кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

### «Ашық есік күні» өткізілді

Мағжан сенген жастардың қатарынан табылған оқушылар университетімізде оқытылатын білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерімен танысты.

Білім ошағымыздың өнерлі жастары концерттік бағдарламаларын ұсынып, көрермен көзайымына айналды.

Кездесу барысында оқушылар қызығушылық таныту арқылы оқытушылар құрамына көкейлерінде туындаған сауалдарын жолдап, мардымды жауап алды.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл.

Болашақта білікті маман иесі ғана болып қоймай, өзіңізді жан - жақты дамытқыңыз келсе, 90 жылдық тарихы бар өнер мен білімді қатар ұстай білген жастарды бір арнаға тоғыстырған Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті сізді ыстық ықыласпен қарсы алады!

## ПОГРУЖЕНИЕ В МИР КИНОЛОГИИ

13 марта 2024 года студенты 3-го курса ОП «Право» и преподаватели Казиев Т.И. и Усенко М.С. Западно-Казахстанского Университета, им. М. Утемисова, посетили Центр кинологической службы ДП ЗКО.

Кинологическая служба играет невероятно важную роль в предотвращении и расследовании преступлений, охране общественного порядка, а также в поиске пропавших людей и обнаружении запрещенных веществ. Специалисты-кинологи, совместно со своими напарниками – служебными собаками, ежедневно рискуют своей жизнью, чтобы обеспечить безопасность общества.

Студенты выслушали рассказы сотрудников центра о том, как происходит дрессировка собак, какие направления специализации у их четвероногих помощников. Они с удивлением наблюдали, как содержатся и ухаживают служебными собаками. Одним из захватывающих моментов визита стало демонстрация уникальных способностей служебных собак. С помощью специального средства, спрятанного в автомобиле, студенты увидели, как собаки быстро и точно находят нужный предмет. Студентам продемонстрировали, как четвероногих помощников ловят преступников на примере. Один из сотрудников, облачившись в специальный костюм, исполнил роль злоумышленника, которого пес доблестным полицейским помог поймать.

Кроме этого, сотрудники центра поделились своим профессиональным опытом и рассказали о возможностях присоединиться к их команде. Они подчеркнули важность дружелюбного и заботливого отношения к служебным собакам.

К сведению, в Центре кинологической службы ДП ЗКО служат 19 четвероногих помощников следующих пород – немецкие овчарки, бельгийские овчарки и лабрадоры-ретриверы.



# «КЕРІ МАТРИЦА»

## тақырыбын меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері

Қазіргі таңда білім алушының шығармашылық ынтасын арттыруға бағытталған педагогикалық жүйе білім берудің негізгі талабы болып табылады. Сүденттердің танымдық көзқарасын байыту, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқытушының шеберлігіне, шығармашылық ізденісіне тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Өз тәжірибемде кеңінен қолданып жүрген әдістердің бірі – ойын әдісі. Әсіресе, жаңа сабақты бекітуде танымдық ойындардың алатын орны ерекше.



6B01502 Математика-Физика білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерімен «Алгебра және сандар теориясы» пәнінен «Кері матрица» тақырыбындағы практикалық сабақта студенттер кері матрица табудың екі жолымен есеп шығарды. Алдымен өткен сабақты қайталау мақсатында сұрақтар қоя отыра, студенттердің білімі тексерілді. Жаңа сабақты түсіндіріп, бекіту мақсатында әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен танымдық ойындар жүргізілді. Танымдық ойындар арқылы өткен сабақты бекіту барысында студенттер ұжымдық әрекет етуге үйреніп, бір-біріне деген сенімділігі артады. Аталған әдісті қолдану нәтижесінде студенттердің бойында пайдалы әдеттер қалыптасады, атап айтқанда, алдағы жұмыстың мақсатын түсінуге, қолданыстағы мақсаттар мен оларға қол жеткізу шарттарын талдауға, есеп шығару барысында қажетті әдіс – тәсілдерді бірлесіп табу, нәтижесі алынған есептің жауабының дұрыстығын тексеруді талдау мен қорытындыларға негізделген еңбек процесін дұрыс ұйымдастыруға әдеттенеді.

Сонымен қатар, студенттердің қабілеттеріне қарай, есептерді өз бетімен шығаруға дағдыландыруда есептерді тақта алдында шығарту арқылы студент өзіне берілген міндетті адал орындауға үйренеді.

Сабақ барысында студенттердің білімін бағалап, жаңа сабақты түсінуде деңгейін тексеру мақсатында, кейбір студенттерге жеке есептер беріліп, есептің жанында QR кодымен есептің жауабын анықтап, студенттер шығарған

есебінің дұрыстығын тексеріп отырды. Сонымен қатар, матрицаның рангін табуға және матрицалық теңдеулерді кері матрицаны қолдану арқылы шешімін табуға есептер шығарды.

Білім беруді ақпараттандыру бағытында сүденттердің оқу материалдарын меңгеруін бақылауды «Kahoot» қосымшасында тест тапсырмаларын бере отыра, білім деңгейлерін бағаладым. Осы орайда «Kahoot» қосымшасының артықшылықтарын, қолжетімділігін айта келе, аталған қосымша арқылы сабағымды түрлендіріп өткізуде онлайн викториналар, тест пен сауалнамалар жасап қолдану мүмкіндіктерін атап өткім келеді. Қосымшада тест түрлері, дайын сынақтардың үлкен таңдауы мен үйлесімділік, яғни кез келген құрылғыда пайдалану мүмкіндігі бар. Білім алушылар құрастырылған тесттерге планшет, ноутбук және смартфондардан, яғни интернетке қосылу кез-келген құрылғыдан жауап бере алады. Тесттің уақытын, бағасын оқытушы өзі қоя алады, сабақты қорытындылауға, интеллектуалдық сайыстарда қолдануға өте пайдалы қосымша.

Өткен практикалық сабаққа студенттер белсене қатысты. Үй тапсырмасы мен СОӨЖ презентацияда көрсетілді. Тақырып толық қамтылып, сабақ қойылған мақсатына жетті.

**Г.А. УЗАКБАЕВА,**  
математика мен физика мұғалімдерін дайындау  
білім беру бағдарламасының оқытушысы

2024 жылдың 1 наурызында жаратылыстану-география факультетінде «Жоғары оқу орнында жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша білім алушылар үшін заманауи білім беру технологияларын қолдану мен басым бағыттары» атты әдістемелік айлық бағдарламасына сәйкес Б-11, БП-11, БГ-11, БГ-13 топ студенттері арасында «BotanyQuest» интеллектуалды сайысы өтті.

## «BotanyQuest» интеллектуалды сайыс

Сайыстың мақсаты - студенттердің ботаникадан алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар орындау арқылы көрсету, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту және ғылыми білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

Алдымен жүргізушілер Өтепбергенова Альмира мен Жұмақұлова Әсел алдымен интеллектуалдық сайыстың тақырыбы мен мақсатын айтып, сайыстың талаптары, әділқазы мүшелерімен таныстырып өтті.

Интеллектуалды сайыс 4 кезеңнен тұрды: 1. Botanical acquaintance-таныстыру кезеңі. Бұл кезеңде қатысушылар топты және топ эмблемасын таныстырды. 2. Excursio Botanica-ботаникалық сұрақтарға саяхат. Қатысушы топтар күрделілігі әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы ботаника бойынша терең білімдерін көрсетті. 3. Pairing Pursuit Quest - топ басшылар сайысы. Топ басшылары терминдер мен ашқан ғалымдарды сәйкестендірді. 4. Plantarium Exploratio (өсімдіктер әлемін зерттеу) - әр топ үлестірген материалдар көмегімен жасырылған өсімдік атауын тауып, сипаттама беріп өтті. Әр кезең бойынша өткізілген сайыста білім алушылар белсенді болып, өз білімдерімен озуға тырысып бақты.

Алғашқы кезеңде «Botanical acquaintance» әр топ өздерін таныстырды. Топтардың атауы және неліктен осы топ атауын алғандарын таныстырып өтсе, екінші кезеңде «Excursio Botanica» интеллектуалды тақтада берілген ұяшықтарды таңдап, сұрақтарға толық, ашық жауап берді. «Pairing Pursuit Quest» үшінші кезеңде тақтада берілген ғалымдарды ашқан терминдері бойынша сәйкестендіріп, төртінші кезеңде топ мүшелері өсімдіктердің жалпы атауын тауып, осы бойынша шағын ақпарат берді. Дұрыс жауапты анықтауда Wordwall, Learningapps программалары қолданылды.

Сайыс тартысты, қызықты өтті. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаз топтар мен қатысушы топтар марапатталып, «Ең үздік эмблема» номинациясы анықталды. Сайыста барлық қатысушылар мен ұйымдастырушылар белсенділік танытып, іс-шара сәтті және нәтижелі өтті.

**Ж.С. КАЖЫМУРАТОВА,**  
Биология, география, химия мұғалімдерін дайындау білім  
беру бағдарламасының аға оқытушысы

## ӘДІСТЕМЕЛІК ИДЕЯЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІ



Студенттердің әдістемелік шеберліктерін шындей отыра, өзара тәжірибе алмасу және бірлесіп отырып шығармашылық жұмыс істеуге бағыттау, алған теориялық білімдерін нығайту, тәжірибеде пайдалана білу, танымдық қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, іскерлікке, жан-жақтылыққа, белсенділікке баулу мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде педагогикалық бағытта білім алатын студенттердің арасында «Әдістемелік идеялар жәрмеңкесі» байқауы өтті.

Байқаудың I кезеңі «Өзін-өзі таныстыруда» қатысушы топтар өздерінің факультеттерін таныстырып, ерекшеліктеріне тоқталып, өз шеберліктерін көрсетсе, «Креативті әдістемелік идеялар жәрмеңкесі» аталған II кезеңде білім алушылар қазіргі жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пән ерекшеліктеріне қарай сабақта қолданудағы әдістемелік шеберліктері сыналды.

Байқауға «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы «Батыс Қазақстан Облысы бойынша кәсіби даму институтының» әдіскерлері мен аға оқытушылары төрелік өтті.

Байқау қорытындысы бойынша 3-орынды педагогика факультетінің «Smart педагог» тобы, 2-орынды филология факультетінің «Ұстаз Pro max» тобы иеленсе, тарих, экономика және құқық факультетінің «MUNA» (Махамбет университетінің нарлары) тобы жеңімпаз атанды.

Болашақ педагогтерді жеңістерімен құттықтаймыз!



# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МАГИСТРАНТТАРДЫ КӘСІБИ БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР Білім туралы Заңының 11-бабында «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану» екені атап көрсетілген.

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысында жоғары білім беруді цифрландыру мәселелеріне, атап айтқанда оқыту сапасын арттыру үшін цифрлық платформаларды, курстарды басқарудың онлайн жүйелерін, виртуалды сыныптар мен электрондық кітаптарды ұтымды қолдануға баса назар аударылған.

Қазіргі жаһандану кезеңінде цифрлық технологияның жылдам дамуы мен оған қол жетімділіктің артуы цифрлық білім беру ортасының қалыптасуына әкелді. Цифрлық технология оқыту мен білім беру үрдісінің маңызды бөлігіне айналды.

Осыған орай болашақ педагогтерді цифрлық технология саласында қажетті практикалық іс-әрекетке бейімдеп, соның ішінде цифрлық білімі, дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруда өз тәжірибемде сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдануда біршама жетістіктерге қол жеткіздім. Әсіресе, цифрлық ресурстарды таңдауға саналы түрде қарап, оларды сыни тұрғыдан бағалау арқылы оқу үрдісінде тиімді де ұтымды қолдану жақсы нәтиже береді.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) – цифрлық технологиялар базасында құрылған және жұмыс істейтін білім беру ресурстары. Оларға интерактивтік нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдар жатады.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруға және барлық білім алушылардың танымдық әрекетін дамытып, жүйелі ойлауды қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

Оқу үрдісінде жиі қолданатын цифрлық білім беру ресурстарының функционалдық мақсатына қарай түрі – презентациялар. Түрлі интербелсенді элементтер арқылы электронды түрде берілген слайдтар. Презентацияда өтілетін тақырыпқа байланысты ақпараттық мәтіндер, гипермәтіндік сілтемелер, аудио, бейнежазбалар, компьютерлік анимацияларды көрсетуге болады. Мультимедиялық презентациялар жасау үшін «Canva», «Emaze», «Genially», «Google Slides», «Focusky», «PowerPoint School», «Presentory», «Prezi» т.б. платформалары қолданылады. Бұл сервистерде тегін

шаблондар мен графикалық ресурстар қорын пайдалануға мүмкіндік бар.

Экологиялық терминдерге қатысты анықтамалық мақсаттағы мәліметтерді электронды энциклопедия арқылы алуға болады. Қағаз нұсқаларға қарағанда қосымша мүмкіндіктері бар, яғни кілт сөздер арқылы қажетті ақпаратты тез табуға болады.

Сабақта жаңа материалды түсіндіруде білім алушыларға қызықты және түсінікті болуы үшін интерактивті мүмкіндіктерді пайдалана отырып электронды оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, аудиофайлдарды пайдаланамын. Сонымен қатар білім алушылармен кері байланыс орнатуда бағдарламалық «Kahoot!», «Test Maker», «Quizizz» жүйелерін қолдануды ерекше атап өткім келеді. Ал сабақты қорытындылау, қайталау, бекіту мақсатында электронды тестілер платформаларын қолдану жақсы нәтиже береді.

Цифрлық білім беру ресурстарының оқу материалдарын ұсынуға бағытталған ресурстарын да оқу үрдісінде кеңінен пайдалануға болады. Бұларға білім беру платформалары, жаппай ашық онлайн курстар, бейнересурстар, ақпараттық сайттар, виртуалды тақталар, оқу инфографикасы, электронды оқулықтар, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, т.б.

Цифрлық білім беру ресурстарын жасақтау және пайдалану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Оқу және білім беру үрдісінде қолданылатын ЦББР педагогикалық, психологиялық, эргономикалық, бағдарламалық-техникалық тұрғыдан қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек. Білім алушылардың өзіндік әрекетін ұйымдастыру және үй тапсырмасын орындау мақсатында дербестендірілген және шығармашылық тапсырмалар, тақырыптық рефераттар мен баяндамалар дайындау, презентация дайындау т.б. тапсырмаларды берген тиімді.

Педагогикалық бағыттағы магистранттарды кәсіби бейімдеу және цифрлық құзіреттілігін қалыптастыру бағытында «Биологиядағы цифрлық технологиялар» пәні элективті пән ретінде енгізілген. «Биология» білім беру

бағдарламасы бойынша білім алатын магистранттар педагогикалық сараман кезінде ЦББР - тарын кең қолданып, теориялық оқу барысында алған білімдері мен цифрлық құзіреттіліктерін көрсете білді. Кең қолданылатын, танымал «Canva», «Educaplay», «Genially», «Classroom», «Google-форма», «Joyteka», «Kahoot!», «LearningApps», «Plikers», «WordWall» платформалары мен сервистерінің дидактикалық мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланумен қатар, топ ерекшеліктері мен өткізілетін пән тақырыптарына сәйкес басқа да цифрлық технологиялар мен құралдарды пайдаланып, сабақтарын түрлендіріп өткізе алды. Әрбір платформа мен сервистің өзіндік ерекшелігі мен мүмкіндіктері бар, оларды оңтайлы қолданғанда студенттердің қызығушылығы артып, сабақ барысында өзара ой алмасып, үйренгенін саралап, ой елегінен өткізеді.

Магистранттар өз сабақтарында кері байланыс ұйымдастыру үшін «Answer Garden», «Online Test Pad», «Mentimeter», «ZipGrade» қосымшаларын қолданды. «ZipGrade» қосымшасы арқылы тест жауаптарын сканерлеп, нәтижесін жылдам алуға болады. Интернет желісі тек оқытуда болғаны жеткілікті. 20, 50 немесе 100 сұрақ берілген арнайы бланкіде белгіленген жауаптар телефон арқылы сканерленеді.

Білім алушыларды топқа бөлуде, билет, сұрақ, жеке тапсырма нөмірін анықтауда «Castlots», «Рандомус», «Spinner Wheel», «Spin the Wheel», «Picker Wheel» онлайн сервистері кең қолданылады. Білім алушылардың белсенділігі мен мотивациясын арттыру үшін оқу үрдісіндегі тиімді әдістердің бірі - геймификация әдісі. «Baamboozle» әдісін қолданып топтық жарыс өткізу білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырып, командада жұмыс істеу дағдыларын шыңдады.

Ойын элементтерін пайдаланғаннан кейін, топтық немесе жеке жұмыс кезінде байқалатын шудеңгейін реттеу мақсатында «Bouncy Balls», «Zero Noise Classroom», «ClassDojo» т.б. бағдарламалары пайдаланылды. «Flippity» қосымшасында жасалған дидактикалық ойындар мен тапсырмалар оқу материалдарын тереңірек талқылауға мүмкіндік берді. Web-quest

тиімді оқыту технологияларының бірі болып саналады, қажетті ақпаратты табуға, оны талдауға және қойылған міндетті шешуге үйретеді. «Joyteka» сервистің негізінде квест ұйымдастыру арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, бөлмеден шығу жолын іздейді.

Адам анатомиясы, биологиялық клетка, вирустар тақырыбын өткенде «MergeEdu» білім беру платформасын қолданып, кубты жинақтау арқылы үш өлшемде объектілерді зерттеді. Дәстүрлі «Padlet» тақтасынан басқа «Migo», «Canva», «Linoit» тақталарының мүмкіндіктерін кеңінен қолданды.

Цифрлық электронды кітап онлайн оқытуда кең қолданылатын сервистің бірі. Аудио, бейне файлдарды орнатуға болады. Кең қолданылатын Book Creator және FlipHTML5 мультимедиялық кітап конструкторларын пайдаланып жасаған электронды кітаптарын оқу үрдісінде пайдаланды.

Зертханалық жұмыстар биология пәнін оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Нақты зертханада жүргізілетін зертханалық жұмыстарды өткізуге көмекші немесе балама ретінде виртуалды жүйелердің мүмкіндіктері өте зор. «OLabs» және «PhET Colorado», «Bilimland» платформаларында орналастырылған виртуалды зертханалық сабақтарды тиімді қолдана білді.

Магистранттар есепқұжаттарын «Google Sites» және «Tilda» сайт конструкторларын пайдаланып, электронды портфолио түрінде жинақтады.

Қорытындылай келе, педагогикалық бағытта білім алатын магистранттардың сараман кезінде цифрлық білім беру ресурстары мен технологияны пайдалануға деген ынта-ықыласының жоғары екені, сараман кезінде педагогикалық бағытта білім алатын магистранттардың цифрлық ресурстарды білім беру үдерісінде шебер пайдалана білетіні байқалды. Цифрлық технологияны пайдалану мүмкіндіктері зор болғанымен, жақсы педагогті ешқандай цифрлық технология мен ресурстар алмастыра алмайтынын да ескеру керек.

**Б.С. АЛЬЖАНОВА,**

*Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент*



**В ЗКУ им. М. Утемисова начаты работы по закладке питомника декоративных кустарников. Этот проект осуществляется в рамках программы «Sustainability Living Lab: Outreach» и реализуется Офисом устойчивого развития Назарбаев Университета и Корпоративным фондом «National Conservation Initiative» при поддержке компании Шеврон Мунайгаз Инк.**

## ЗЕЛЕНАЯ ИНИЦИАТИВА: О СОЗДАНИИ ПИТОМНИКА ДЕКОРАТИВНЫХ КУСТАРНИКОВ

Проект направлен на благоустройство и озеленение территории агробиостанции. Территория агробиостанции станет экспериментальной площадкой для проведения занятий и полевых практик, апробации технологии озеленения и улучшения качества среды. Также можно выделить 3 функции:

Охрана редких и исчезающих

кустарников. В питомнике будут выращиваться местные и интродуцированные кустарники, устойчивые к произрастанию в данных почвенно-климатических условиях. Некоторые из выращиваемых кустарников являются редкими и исчезающими видами природной флоры нашего региона, которые в настоящее время значительно сократили ареал встречаемости, такие как бересклет бородавчатый (*Euonymus verrucosus*

Scop.), можжевельник обыкновенный (*Juniperus scopulorum* Sarg.), шиповник майский (*Rosacinnamomea* L.) и т.д.

Озеленение кампуса университета. В будущем предполагается использование выращенных видов кустарников в озеленении территории кампуса университета. Это создаст комфортную благоприятную атмосферу для обучения, повысит комфортность пребывания обучающихся.

Живая природная лаборатория. Питомник станет местом для научных исследований и практико-ориентированного обучения студентов. Здесь можно будет изучать рост, размножение, адаптацию к различным условиям и другие аспекты жизни растений, а также проводить ландшафтно-экологический анализ прилегающих территорий.

Основными приоритетами в озеленении территории агробиостанции являются экологичность, энергоэффективность, создание экологически устойчивых зеленых пространств и соответствие целям устойчивого развития, которые были приняты всеми государствами-членами ООН в 2015 году в рамках «2030 Повестки дня в области устойчивого развития».

Наш питомник декоративных кустарников – станет не только красивым украшением, но и важным шагом к сохранению природы и образованию нового поколения экологически осознанных граждан.

**Мария ОРЛОВА,**

*исполнитель проекта, магистрант 2 курса ОП «Биология»*



## ҰЛТ МҮДДЕСІН КӨЗДЕГЕН СЫНШЫ – ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ

15 наурыз күні ғылыми кітапхана мен жаратылыстану – география факультетінің ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетінің классигі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына арналған «Ұлт мүддесін көздеген сыншы – қазақ жазушысы» атты әдеби кеш өтті.



Кештің мақсаты – келешек жастарға жазушы Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы туралы терең түсінік беріп, жазушының әдеби мұрасының негізгі ерекшеліктерін ұғындыру.

Аталмыш кешке филология ғылымдарының кандидаты, доцент Шайкенов Жангелді Жұмақайұлы келіп студенттерге Ж.Аймауытовтың шығармашылығы мен оның қазақ әдебиетіндегі қалдырған ізі туралы баяндады.

Әрі қарай жазушының шығармашылығынан алынған «Неғып жатыр» өлеңін Сағындықызы Дильназ, Серік Тұрғынбекұлының «Жүсіпбек» атты өлеңін Уалиоллина Дамира және Ержігіт Алдияр Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінен үзінді оқып берді.

Кеш барысында Манарбек Нұртілеу «Балбырауын»

күйін орындап, Нурлыбаев Саят «Самға, қазақ» әнімен әдемі көңіл күй сыйлады.

Жаратылыстану-география факультетінің декан орынбасары К.С.Удреева, ғылыми кітапхана директоры Т.Е.Алимбекерова, кітапханашы В.С.Мухтарова кешті қорытындылап, көрермендерге ризашылығы мен алғысын білдірді.

Жүсіпбек Аймауытов өзінің қысқа ғұмырында артына аса бай әдеби ғылыми мұра қалдырды. Ол - Л.Н.Толстой, Н.В.Гоголь, Дж.Лондон, Гюго, А.С.Пушкиннің шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы. Педагогика, психология, методика, эстетикалық тәрбие бағытында мақалалар жазған жазушы.

Кеш өте әсерлі өтті.

19 наурыз күні физика-математика факультетінің МФ-11, МФ-13 топтарының қатысуымен көрнекті театр және кино актері, режиссер Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай «Тұңғыш ұлы тұлға» атты ашық кураторлық сағаты өткізілді. Бұл ашық кураторлық сағатта Шәкен Аймановтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы ақпараттар кең өріс алды.

## ТҰҢҒИЫҚ ҰЛЫ ТҰЛҒА



Шәкен Айманов - қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, талантты актері әрі режиссері. Ол ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады. Қазақ халқы осынау ардақты ұлымен мәңгі мақтана береді. Қазақ кинесіндегі ұлттық режиссураның дамуына өлшеусіз үлес қосқан классиктің бірі.

Шәкен Айманов есімі бәрінен бұрын қазақ киносы тарихында тұңғыш рет ұлттық киноны түсірген адам ретінде және оны барынша биікке көтерген талант ретінде ел жадында мәңгілік сақталған. Оның еңбек жолы 1933 жыл маусымында театрға жұмысқа қабылданғаннан бастау алады. Ол алғашында бірқатар рөлдерді ойнады. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер орындауымен көпшілік көзіне түседі. Өсіресе оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында ешпес із қалдырды. Айманов актерлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қояды. Студенттер осы ақпараттарды негізге ала отырып, өмір жолына, қазақ киносында өшпестей із қалдырған өнеріне терең бойлады. Талантты актер әрі режиссердің халыққа арнаған әрбір шығармаларының және осы шығармалардағы сомдаған рөлдері жайында мағлұматтар берілді. Атап айтсақ, ол М.Әуезов атындағы мемлекеттік драма театрының сахнасында қазақ драматургиясының классикасы саналатын образдар Ақан сері, Қобыланды бейнелерін, «Абай» драмасында Қодар, Керім образдарын, І.Жансүгіровтың «Исатай-Махамбет трагедиясында Исатайдың дара болмысын шынайы шеберлікпен көрермен көңіліне орнықтырды. Шәкен Кенжетайұлының аса дарынды суреткер, актер, ойшыл режиссер ретінде қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасып, шыңдалуына айрықша ықпал еткен, өшпес із қалдырған дара дарын иесі екенін көрсетті.

Сомдаған рөлдері негізінде осы кураторлық сағатта студенттер өз өнерлерін көрсетті. Ш.Айманов түсірген фильмдерді еске түсіру мақсатында «Тақиялы періште» фильмінде Бибігүл Төлегенованың орындауындағы «Ана» әні шырқалды. Әрі қарай осы фильм жүйесінен үзінді келтірілді. Студенттердің өнері көрерменнің көңілінен шықты.

Гүлжібек ИЛИСОВА,  
МФ-11 тобының студенті

## Қазақ киносының саңлағы

19 наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚУ, Тарих, экономика және құқық факультетінің Бизнес, басқару және туризм БББ кураторлары А.Ж.Акмалиева, Ф.К.Мухамбеткалиева, А.Б.Егзалиева және А.Е.Таласпаеваның жетекшілігімен КСРО халық әртісі, көрнекті театр, кино актеры және режиссеры Ш.Аймановтың 110 жыл мерейтойына арналған «Қазақ киносының саңлағы» атты танымдық іс-шара өткізілді. Мақсаты - отандық, қазақ көркем кинотуындылары арқылы жастар арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау мен оларды отаншылдық пен елдік сезімде тәрбиелеу.

Іс-шара барысында Ш.Аймановтың өмірі мен шығармашылығына, оның қазақ киносының қалыптасуы мен дамуындағы жасаған еңбектері туралы және қазіргі таңдағы отандық кино индустриясы туралы мағлұмат беріліп, насихатталды. Сонымен қатар, шара кездейсоқ сандар генераторы арқылы көрермен-студенттерден командалар құрылып, қызықты ойын-сайыстары ойнатылып, жалғасын тапты. Шара сонында электронды

дауыс беру арқылы «үздік меломан», «үздік киноман», «үздік актёр» номинациясы таңдалып, сыйлықтар мен марапаттар табысталды. Аталмыш шараға факультет студенттерімен қатар физика-математика факультетінің 2-курс студенттері де шақырылды. Танымдық шарамызға үлес қосып ұйымдастырған - Экономика және менеджмент БББ-ның ЭИМ-21, ЭИМ-11 тобының білім алушылары.

## Qazaqfilm

Қазақтың театр және кино актеры, қазақ кино өнерінің негізін салушылардың бірі, қазақтың тұңғыш кинорежиссеры Шәкен Аймановтың 110 жылдығына орай факультетімізде білім-беру бағдарламалары арасында «Qazaqfilm» шарасы өткен болатын.

Шара барысында қатысушы топтар қазақ кино туындыларының үзінділерін қойып, Ш.Аймановтың өмірі мен шығармашылығынан сұрақтарға жауап берді. Университетіміздің ректорат құрамынан құралған әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша «Ең үздік» деп Химия топ студенттері танылған болатын. Байқау соңында қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.



Мәдениет және өнер факультеті, Мәдени-тынығу жұмысы ббб 4-курс студенті Исламова Ұлғаздың авторлық «21 түні» атты композициялық поэзия терапиясы көрерменге ұсынылды.

## Поэзиямен терапия

Бұл композиция адам баласының бір сәт өз ішкі жан әлеміне үңіліп, қараңғылықтан шығып, қиянаттың кері аманатқа бағыт алуына ешқашан да кеш емес екендігін ұғындыруға негізделген автордың ішкі түйсігінен қалыптасқан ой болатын. Композиция әсерлі монологтар мен поэзия, қойылым мен жаңашыл би бағыттарын қамтыды. Жан жарамызды қорғап, жүрек жіптерін үзіп алмауға арналған шығармашыл терапия, халықтың шынайы ықыласына бөленді.

Өмір – әр қараңғының жарыққа ұмтылып, нұрлы кейіпке жетудегі басты ортасы. Мәлім, қырлы бейнемен-ақ қараңғылықтың құшағында болу. Алайда фокус жарық кеңістікпен қауышу. Ұлғазды шын жүректен көрермен көңілінен шыққан туындысымен құттықтаймыз. Ойға түйер, мән-мағынасы зор, айтары мол дүниенің көп болсын. Сәттілік!



Қазақстан металлогения мектебінің негізін қалаушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, сирек талант иесі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай ғалым мұрасын насихаттау және бүгінгі жаңа буынның көшбасшылық, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін, тұлғатану үрдісін қалыптастыру мақсатында «Заңғар ғалым, дара дарын, бірегей құбылыс Қаныш Сәтбаевтың өнегелі жолы» атты алқа мәжілісі ұйымдастырылды.

# Заңғар ғалым, дара дарын, бірегей құбылыс



Алқа мәжілісінде қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, қаныштанушы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы модераторлық етті.

Шара шымалдығы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, магистр Сүлейменов Мерген Қуанышұлының «Қаныш Сәтбаев – Ұлт кемеңгері» алғы сөзімен басталып, «Энциклопедист ғалым, табиғи дарын, оқшау тұлға» тақырыбында темір, марганец, көмір, қорғасын секілді кендерін ашқандығы жайлы өрбіді.

Ары қарай филология факультетінің III курс студенті (Фил-31-топ) Қуандық Жанәділдің орындауында Ерманұлы Әбділда Тәжібаевтың «Қанекем, өне, батырдан титтей аумаған» жыр-дастаны оқылып, филология факультетінің III курс студенті (Фил-31-топ) Санат Аманбек Санатұлы Хамит Ергалиевтың «Ғарыштағы Қаныш» балладасын нақышына келтіре мәнерлеп оқыды.

Тақырыптық баяндамалар Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, география ғылымдарының кандидаты, профессор Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлының «Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев және Қазақстан ғылымының дамуы» атты баяндамасымен басталып, жастарға Қазақстанды дамыту арқылы әлемді жандандыру үшін өз жерімізден кемі 500 000 ғалымның шығуы маңызды екендігі айтылып, сол қатарға қосылудың маңызы туралы ой тасталды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Махамбет»

республикалық әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы «Біртуар тұлға Қаныш Сәтбаев: ғалым ғұмырнамасы, ғалымдық көрегендігі, қоғам қайраткерлігі, шешендігі» туралы сөз қозғап, ғалымның Англияға жасаған сапарында У.Черчилльдің қалжыңдап: «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деген сұрағына академик Қаныш Сәтбаевтың: «Жоқ, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап қайтарғанын келтіріп, бірауыз сөз арқылы ғалымның нар тұлғалы бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқатты.

БҚО Дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернатының директоры Сұлтанов Данияр Амангелдіұлы «Академик Қаныш Сәтбаев – Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық гендер генеалогиясын зерттеуші геолог – ғалым» тақырыбында сөз қозғап, ғалымның ғылым жолында атқарған еңбектері турасында сөз қозғады.

Жаратылыстану-география факультетінің аға оқытушысы (Биология, география, химия мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы), магистр Ходжанова Балдай Хамзақызы «Ұлтының ұлы перзенті» баяндамасында ғалым ғұмырнамасын баян етті.

Физика-математика факультетінің оқытушысы (Математика және физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы), магистр Закариева Заруэт Алмазқызы «Современник прошлого, основатель

настоящего, основоположник будущего» тақырыбында ғалым Қаныш Сәтбаевтың қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын шығарғандығы туралы сөз етілді.

Тарих, экономика және құқық факультетінің оқытушысы (Әлеуметтік ғылымдар білім беру бағдарламасы), тарих ғылымының магистрі Құспанова Айгерім Жалғасқызы «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» баяндамасында ғұлама ғалымның Ұлытау өңіріндегі басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеуі, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегінде Ұлытау өңірі қазақ этносының саяси орталығы екендігін дәлелдеуі туралы тың деректермен бөлісті.

Мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы (Музыка пәні мұғалімдері мен орындаушылық өнер мамандарын дайындау білім беру бағдарламасы) Тайпанова Ботагөз Сабитқызы «Қаныш Сәтбаевтың қазақ халқының музыкалық мұрасына қосқан үлесі» тақырыбы аясында ғалымның А.Затаевичтің «500 қазақ өндері мен күйлері» жинағына қазақтың інжу-маржаны 25 әнін өзі орындап қосуы және оған ғылыми түсініктеме беруі хақында сөз қозғап, ғалым көзі тірісінде құйқылжыта тыңдаған әсем әнді нақышына келтіріп орындау арқылы тыңдарманды сүйсінтті.

Филология факультетінің III курс студенті «Филология: қазақ тілі» мамандығының (Фил-31-топ) білім алушысы Ажмұратова Зерігүл Жазықызы «Қаныш ағаның балалық, жастық шағы туралы» тақырыбында тарихшы, археолог, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланнның «Халықтың сүйген ұлы» еңбегіне сүйене отырып, бала Қаныш пен жас Қаныш туралы қызықты деректермен бөлісті. Сөз соңы «Айқап» журналының екінші санында жарияланған Нәзіпа Құлжанованың түйінімен ұштастыра, «Қанышты туғызған қазақ даласы тағы да талай Қаныш сияқты бәлкім, одан да артық данышпандар туғызар» деп қорытындылады.

Тарих, экономика және құқық факультетінің I курс студенті, «Тарих» мамандығының (Ист-13-топ) білім алушысы Шаяхметов Нұрәлі Әділжанұлы «Бітіміңде тұлғасы, екі иығы, Беделіндей елімнің биік еді» баяндамасында Қаныш аға туралы бағалар легін саралай, «Кім-кімде де өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды» деген даналық сөз арқылы әр тыңдарманға тағылымды ой салды.

Шара соңында «Адамның сәні-өнер, білім, ақылы» тақырыбында пікірталас жүргізілді. Осы орайда ғалым сөзінің халық жадында қалуына бірден-бір үлес қосқан Таисия Кошкинаға жазылған махаббат хаттары турасында сөз қозғалды.

Алқалы жиын «Ғылым мен мәдениет – күллі дүниенің алтын алқасы» тұжырымымен түйінделіп, кеш Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми кітапхана директоры Әлімбекерова Тоты Еркінқызының жетекшілігімен «Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Ұлт мақтанышы, ғалым, қоғам қайраткері» көрмесімен жалғасын тапты.

Педагогика мәдениет және өнер оқу залында халық ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толуына арналған «Жыр дүлдүлі Кенен» тақырыбында мәдени-танымдық іс шара өткізілді.

# Жыр дүлдүлі Кенен

Шараның мақсаты - оқырмандарға ақынның жыр мұраларын кеңінен дәріптеу, ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау, жастарды өнерге баулу, азаматтық белсенділігін нығайту, өшпес із қалдырған Кенен Әзірбаев туралы түсінік беру. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған шара режиссура, хореография, мәдени-тынығу жұмысы

БББ аға оқытушысы, магистр Султанова Мендигул Есламғалиевнаның және осы білім бағдарламасының 2,3-курс студенттерімен ұйымдастырылды.

Мәдени-танымдық іс шара жүргізушілері Дина Ербузова мен Бағдат Есламғалиев кеш барысында К.Әзірбаевтың өмір жолы мен шығармашылығы, ақынның «Бозторғай» әнінің туу тарихы туралы мағлұмат беріп,

ол бейнебаянда көрсетіліп, тамашаланды. «Режиссура, хореография, мәдени-тынығу жұмысы» БББ студенттері Ернар Аманжол, Аида Ермек, Нұрзада Медетқызы ақынның «Балалар, ата-ананың қадірін біл», «Қуанышты күн», «Базар, Назар», «Жүз жасаған Жамбылға» атты өлеңдерін оқырмандарға тарту етті. Жамбылова Қарақат, Ниетқали Аружан (дәстүрлі музыкалық өнер, халық әні БББ аға оқытушысы, магистр А. Мухамбетжанова сыныбы студенттері) ақынның «Басты өлең», «Жетісу әні» атты өндерін нақышына сай орындап, кешіміздің ажарын аша түсті. Аға оқытушы, куратор М.Е.Султанова тақырыптың маңызына тоқталып, кітапханашы Г.Ш.Айташова «Жыр дүлдүлі Кенен» атты кітап көрмесімен таныстырып, кешке қатысқан студенттерге алғысын білдірді.





М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Музыка мұғалімдерін даярлау және орындаушылық өнер білім беру бағдарламасының доценті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Құрмет орденінің кавалері Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимованың 70 жасқа толуына орай Мәдениет және өнер факультетінде құттықтау және шағын концерттік бағдарлама өткізілді. Мерейтой иесін ең алдымен білім ордамыздың ректоры Нұрлан Хабибуллаұлы қабылдап, шығармашылық жолдағы елеулі еңбегін, өнер жолына бағыт алушы жастарға деген білімін, сахналық, талантты жастарды тәрбиелеу ісіндегі бағыт-бағдары үшін алғысын білдіріп, Құрмет грамотасымен марапаттап, ресми құттықтады.

## Мерейлі жас

Аяулы ұстазға деген құрмет онымен тоқтамай, мәдениет және өнер факультетінде шағын концерттік бағдарлама сахналанды. Білім беру бағдарламасындағы профессор-оқытушылар құрамы гүл шоғы мен дайындалған сыйлықтарын табыс етіп, жүрек жарды лебіздерін арнады. Шарада концертмейстер Гүлмира Тащанованың сүйемелдеуімен Жұмағаным Әбілхалыққызының класында тәлім алушы студенттер өнер көрсетті: Бақытжамал Елеусіз, Аяулым Елдесбаева, Әсем Мусина, Байқожа Сарынғалиев, Үмітжан Кеңесова сынды талантты студенттер ұстаздарына деген құрметті өнерлерімен жеткізді. Сонымен қатар, университет қабырғасынан түлеп ұшқан Жұмағаным Рахимованың түлектері Артем Мукатаев, Тимур Мусин, Ақтоты Ешматова құттықтап келіп, ән орындап, гүл шоқтарын ұсынды.

Құшағы гүлге, жүрегі қуанышқа толы ардақты ұстазымызға барлық жылы лебіздер арналды. Шара соңында өз қуанышымен бөлісіп алғысын жеткізген Жұмағаным Әбілхалыққызы барша әріптестері мен шәкірттеріне ризашылығын білдірді. Есті тарих қойнауынан орын алар естелік суреттермен шара аяқталды.



Ұрпақтың саналы биіктеуіне мейіріммен шуақ шашқан ұстазымызды ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде еңбек еткен 30 жылға жуық педагогикалық қызметіме сан мыңдаған шәкірттер алдымыздан «таудан құлап тасып аққан өзендей толқын-толқын боп» өтіп жатыр екен.

Әрине, олардың барлығы бірдей ғылымға ерекше мән беріп, оған терең бойлап жатпағаны белгілі. Біріншіден, елдің бәрінің ғалым болуы міндет емес. Екіншіден, ғылымда даңғыл жол жоқ. Оның қалтарыс-бұлтарысы мол, көдір-бұдырлы, ерсілі-қарсылы, ирек-ирек жолдары жетіп-артылады.

Ол үшін сол жолға түсетін жанға алдымен ғылымға деген табиғи икемділік, сосын, табандылық пен мықты ерік-жігер керек. Оның үстіне нарықтың аласапыран ауыр жылдарында ғылым мен ғалымға деген құрметтің кемдігі шын талантты жастарды бұл саладан алыстатып жіберді.

Сайып келгенде, осының бәрі ғылымның аяғына тұсау салып, оның шабан аттай шоқырақтауына әкелді. Әйтсе де, ел болғасын жанкештілікпен ғылымның қияларына ұмтылып жүрген талантты нәм дарынды жастар арамызда әлі де бар. Мұны мойындамау – ақиқатқа қиянат.

Сондай дарынды шәкірттеріміздің бірі әрі бірегейі – Дарын Сағидуллаев Зайнуллаұлы. Атам қазақ: «Болар бала боқташағынан» - дейді. Студент кезінен-ақ көп ішінен ерекшеленген оғланның «Батыс Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру: барысы мен зардаптары» атты дипломдық жұмысына ғылыми жетекші болған едім.

Еңбекқор ізденуші Батыс Қазақстан облыстық архивінің бұрын-соңғы ғылыми айналымға тартылмаған тың деректері негізінде едәуір ғылыми нәтижелерге қол жеткізіп, өзінің болашағы зор зерек те зерделі жас екенін сол кезде-ақ байқатқан-ды.

Жаратылысынан жайсаң, өзін үлкендерше байсалды ұстап, үнемі терең ойға шомып, даңғазадан алыс жүретін Дарын ЖОО-ны бітірген жылы өзімізге магистратураға түсті (2016-2018жж). Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбековтың ғылыми жетекшілігімен «Кіші



## ДАРЫН ДЕСЕ, ДАРЫН!

жүз қазақтарының Еділ бойындағы халықтармен қарым-қатынастары» тақырыбында магистрлік диссертациясын сәтті қорғады.

Тарқата жазсақ, аталған жұмыста 18 ғасырдағы Кіші жүз қазақтарының Еділ қалмақтарымен, казактармен, башқұрттармен қарым-қатынастары, сондай-ақ Кіші жүз руларының орналасуы мен ішкі жай-күйі қарастырылған-ды.

Бейнелі тілмен айтсақ, суыт жүрген жаушыдай атын суытпаған жас зерттеуші, тарихқа терең бойлап, ғылымдағы қарышты қадамын одан әрі жалғастыра



берді. Сөйтіп 2018-2021 жж. М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоратының қолдауымен Ресейдің Қазан федералдық университетінің аспирантурасында оқыды.

Нәтижесінде өткен жылы т.ғ.д., профессор А.Г.Ситдиқовтың ғылыми жетекшілігімен «Историческая география Северо-Восточного Прикаспия эпохи Золотой Орды» тақырыбында кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғаған-ды.

Диссертацияда Батыс Қазақстан өңірінде орналасқан Алтын Орда ескерткіштері жан-жақты сараланған. Соның ішінде Сарайшық, Жайық, Жалпақтал және Ақтөбе-Лаэти ескерткіштері зерттеу жұмысына негіз болған.

Түптеп келгенде, бұрынғы шәкірт, қазіргі әріптес

## РОБОТОТЕХНИКА ЖЕТІСТІКТЕРІ

23-25 наурыз аралығында Астана қаласында «Central Asia First Championship» атты Орталық Азия елдері қатысуымен Робототехника байқауы өткен болатын. Бұл байқауға Біріккен Араб Әмірлігі, Гонконг, Түркия, Қырғызстан, Өзбекістан елдерінен және Қазақстаннан 2 категория бойынша 1) FLL Challenge (10-16 оқушылар); 2) Tech Challenge (18 жас-тан жоғары жастағы студенттер мен магистранттар) қатысқан 200-ден астам команда өзара бақ сынасты.



Соның ішінде, 18 жас-тан жоғары санат қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Физика-математика факультетінің «Того D'ого» командасы Орталық Азия чемпионатында 104 команда ішінен жүлделі 3-орын «Champion Award Finalist» арнайы аталымын жеңіп алды.

Команда құрамы: Қырықбаев Нұрбол, Шымырханова Сая, Мендешқызы Нұрбақыт, Иманғазиева Назерке. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!



ініміздің «тарих ғылымдарының кандидаты» деген табақтай дипломы өткен аптаның соңында қолына тиіп, ұзақ жылдарға созылған табанақы, маңдай терінің жемісін теріп, зор қуанышқа кенеліп жатыр.

Бір назар аударарлық нәрсе, жас зерттеуші аталған диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 2023 жылы Ғылым комитеті ұсынған «Жас ғалым» гранттық ғылыми жобасын жеңіп алған-ды.

Дарынды шәкіртіме ғылымның зеңгір көгіне шарықтап, асқаралы асуларынан аса бер деп ағалық нәм ұстаздық тілегімді арнаймын! Талабыңа нұр жаусын!

**P.S.** Осындайда әр қазақ баласына оқушы кезінен жақсы таныс дала данышпаны Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі:

Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеніз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеніз,  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сенсеніз?  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеніз.  
Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз...,- деген жыр жолдары еске түседі.

Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ



# Көрісу айт — ізгілік жаршысы

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter парақшасында Өз - Наурыздың бастауы - Амал күні, бұл халқымыздың ежелгі әдет-ғұрпын жаңғыртып, тәл мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналған бірегей дәстүріміз екенін, осы күні ұлттық болмысымыз бен құндылықтарымыз ерекше дәріптелетінін жеткізіп, құттықтауын жолдаған болатын. Елімізде Наурыз тойының жаңа тұжырымдамасы да бекітілген. Біздің Махамбет университетінде “Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы” жобасы қолға алынып, жоба аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлықтау мақсатында бірқатар іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланған. Университетіміз бұған дейін де Наурызды ұжым боп тойлауды дәстүрге айналдырып келеді, жаңа жылдық ұжымдық мерекелік басқосу да тек наурызда өтетін, биылғы жылы да сол дәстүр жалғасын табуда. 15 наурызға жоспарланған шара “Амал мерекесі” боп бекітілген. “Құдайы қонақ” салтымен әр

факультет бір-біріне өнер тарту жасайды және ұлттық ойындар ойналып, ұлттық тағамдардан дәм ұсынылып, дастархан жайылатын күн. Университет ректоры бастап, ардагер ұстаздарымыз қоштаған құрметті қонақтарымызды қазақтың киіз үйінде қарсы алдық. Ардагер ұстазымыз батасын беріп, ректорымыз Нұрлан Хабиболлаұлының алғысы мен әдемі тілегін жеткізген, филология факультеті дайындаған ұлттық тағамдар көрмесін жоғары бағалап, ең дәмді наурыз көже де біздің филология факультетінікі екендігін қуанышпен жеткізді. Қазақтың қара домбырасымен, әдемі әнімен қонақтарды қарсы алған, ұлттық ойындар көрсетіліп, Қыдыр ата батасын беріп, мерекелік әншашумен жалғасқан университетіміздегі амал мерекесі ерекше көңіл-күй сыйлады. Факультетімізді мақтаған, университетімізбен мақтанған Көрісу күніндегі күндей күлімдеген көңілмен әдемі сәттер осындай болды. Өз-Наурыз құтты болсын! Жаңа күн жақсылығымен қуантып, жаңа жылдың жетістігі көп болсын!



**Рима СҰЛТАНҒАЛИЕВА,**  
М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты



Көктем - табиғаттың жаңарып, тіршілік қайта жанданатын мезгіл. Айрықша мейрам Ұлыстың ұлы күні де жаңару, жаңғыру ұғымдарынан құралған. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Сондықтан 19 наурыз - Жаңару күні деп саналады. Жаңару мерекесіне орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Наурыз мерекесі тойланды.

Мерекелік шараға Педагогика факультеті де өз үлесін қосқан болатын. Шара барысында қазақтың ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, мерекелік концерт қойылды. Атап айтқанда, ләңгі тебу, арқан тартыс, гір көтеруден жарыстар оздырылды. Жүлделі



## Мыл басталды, Наурыз келді



орын алған студенттерге ынталандыру мақсатында дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Факультетіміздің өнерлі студенттері домбырамен күй шертіп, ұлттық би билеп, меркелік көңіл-күй сыйлады. Сәнді әшекей бұйымдардан жәрмеңке ұйымдастырылып, студенттер мен оқытушылар назарына ұсынылды. Факультетіміздің атынан бауырсақ, құймақ, көуап және т.б. ұлттық тағамдарымыз дайындалып, мерекенің көркін ашты.

**Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,**  
ПМНО-21 тобының студенті



2024 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында көрнекті жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға ұсынылды. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Осы орайда ғылыми кітапхана қабырғасында көрнекті жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты әдеби кеш ұйымдастырылды.

## Балалар әдебиетінің бәйтерегі



Кеш жазушының шығармашылығына арналған бейнебаяннан бастау алды. Кеште БҚУ қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы жазушының өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып өтті. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінен үзінді «Мұрагер» студенттік театры, театр жетекшісі Хореграфия және мәдени – тынығу БББ аға оқытушысы, магистр Исакова Индира Идиятовна, рөлде: Мәдениет және өнер факультетінің 2-курс студенттері Ермек Аида, Сырлыбайқызы Айшагүл, Мақсотов Арман әсерлі,

қызықты орындап көрермен ықыласына бөленді. Жазушының шығармаларынан сұрақтар қойылып, студенттер белсенді қатысты. Әрмен қарай кештің сәнін келтіре «Мен Қазақпын» әнін музыкалық білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Мухитов Мәулет және «Самға» әнімен география – биология БББ 1-курс студенті Сайлауова Диана әуелете шырқады.

Жазушының шығармашылығына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітап көрмесіне оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі С.С.Нурғалиева библиографиялық шолу жүргізді.

Ерекше аналар олар - ерекше балаларға қамқор болып, тәрбие беріп отырған ерекше жандар. Бүгінде Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында біздің ерекше аналарымызға арналған «Шаттыққа толы жүрекпен» атты психологиялық-тимбилдинг өткізілді.



## Ерекше аналар дегеніміз кімдер?

Семинарға арнайы шақырылған қонақтарымыз - БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының мамандары, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық

орталығы» КММ-нің үйде арнаулы әлеуметтік қызмет алатын балалардың ата-аналары.

Семинардың мақсаты - ерекше жандарымыздың жүректерін қуаныш пен шаттыққа толтыру және де ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Бала тәрбиелеудегі кедергілерге ата-ананың мойымауына, көңіл-күйін көтеруге, сезімдерімен эмоцияларын реттеуге, баланы оңалтуға бар күш-жігерін

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен Батыс Қазақстан облыстық тарихи - өлкетану музейімен бірлескен «Қазақ қызы әдемі» атты шара аясында «Әшекей бұйым жасау» шеберлік сағаты оздырылды.

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ӘДЕМІ

Қазақ халқының әдеп-ғұрып, салт –дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру, рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту, ұлттық құндылықтарымыз арқылы қыз балаларды қолөнер, әшекей бұйымдарды жасау арқылы ісмерлікке, шеберлікке баулу мақсатындағы шарада тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Ешимова Жанбота Есенғалиевна алғы сөз сөйлеп, «Экскурсия ұйымдастыру және экскурсиялық қызмет көрсету» бөлімінің экскурсоводы Қуанова Данагүл Саматқызы және «Экспозиция және көрмені жабдықтау» бөлімінің маманы Айкөркем Батырханқызы қыз баласына қатысты әшекей бұйымдар туралы құнды ақпараттарымен бөлісіп, жылжымалы көрме арқылы қолдау жасады. «Музыкалық білім» ббб студенттері әсем ән шырқап, педагогика факультетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ббб студенттері өз қолдарымен шекелік, шашбау, сырға, алқа, өңіржиек сияқты әшекей бұйымдарды жасап үйренді.

Шараны «Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының оқытушылары Г.Б.Мусағалиева және Ф.Е.Ескакова өткізді.

жұмсауға мотивация берілді. Семинар барысында ата-аналар әртүрлі пішіндер таңдап топқа бөлінді. Тимбилдинг қатысушылары ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлер өздері туралы фактілер айтты "Мен туралы..." Сондай-ақ эмоционалды күйзеліс туралы бейнеролик тамашалап, топ болып эмоционалды күйзелістен шығу жолдары туралы постер дайындап, сурет салып қорғады. Ата-аналардың көңілдерін көтеру мақсатында көптеген командалық жұмыстар өткізілді. Тимбилдинг соңында КММ бөлім меңгерушісі Ескендірова Сара Кабибуллиновна семинарды қорытындылап, жиналған барша ата-аналар мен әлеуметтік қызметкерлер кофе-брейк ұйымдастырды.

Аяулым ҚЫДЫРСИХОВА,  
Әлеуметтік педагогика және педагог-асистент  
БББ 2-курс студенті

Мәдениет және өнер факультетінде «Тағылым жолы...» тақырыбында жанға жайлылық сыйлар, өнегеге толы ерекше кездесу кеші өтті. «Мәдени-ағарту бірлестігі» МКҚК қарасты «Ардагер» клубынан арнайы келген ҚР Мәдениет қайраткері, әнші-сазгер Әділбек Сүлейменов жетекшілік ететін «Асыл өже» вокалды тобы мен Халықтық «Ағалар әуені» вокалды топтары шақырылып, жүздесу уақыты орын алды.

## Тағылым жолы

Тәрбиені тілге тиек ете отырып сабақтаған ғибрат алар әңгімелері көңілге тыныштық сыйлай білді. «Қызға қырық үйден тыйым», «Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын» өсиетінің мән-маңызын ұғындырып, студенттерімізге қазақы тәрбиенің өзектілігін танытып, үлкен буын өкілдерінің ұлттық құндылықтарымызды дәріптей айтқан есті әңгімелерін тыңдатып, насихаттау мақсатында өткізілген жиында келген қонақтарымыздың тарапынан қонаққа де тарту етілді. Қазақ композиторларының өңдерінен бөлек, өзге де ұлт өкілдерінің өңдерін қоса шырқаған қонағымыздың өнеріне студенттеріміз тәнті болып ризашылық көңілдерін жеткізді.

Бір-бір үйдің ұйытқысы болып, қазынасына айналған, өнер мен тәрбиені ту қылып, ұлттық құндылықтың отын өшірмей шырағын жағып жүрген, айтар өсиеті мен көрсетер үлгі-өнегесі көп ата-әжелерімізге амандық пен мықты денсаулық тілейміз! Уақыттың алтынға бергісіз қымбат уақытында көңілді қимай, қонақ болып келгендері үшін зор алғысымызды білдіреміз!



## СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



Республикалық VII «Жайық сазы» өнер фестивалі аясында Жәнібек Жәмиев, Нұрым Асқанов пен Жарас Сатыбалдиев бастаған бір топ дәстүрлі ән мен күй өнерінің өкілдері М.Өтемісов атындағы БҚУ студенттерімен кездесті.

Кездесуде Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Серік Кайрлиев қонақтарға қол келдініз айтып, дәстүрлі «Жайық сазы» өнер фестивалі туралы сөз ербтті.

Рухани кеште өнер өкілдері қасиетті қара домбыраның қыр-сырымен бөлісті. Сонымен қатар, қатысушылар дәстүрлі ән мен күй жанрын одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Студенттеріміз қонақтарымыздан қонақ кәде сұратып, шеберлік сағаттары өтті.

Кездесу соңында мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Абылқайыр Мақсұтұлы кеш меймандарына ыстық лебізін білдіре отыра, арнайы естелік сыйлықтар табыс етті.



# VN Video Editor

## ҚОСЫМШАСЫ ХАҚЫНДА

Ғылыми-әдістемелік семинардың бекітілген жоспары бойынша 27 наурыз күні «VN Video Editor қосымшасымен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша тренинг өткізілді. Тренингке БББ оқытушылары қатынасты. Алдымен әдеттегідей презентация демонстрацияланды.

Жалпы VN - қолдануға оңай және ақысыз бейне өңдеу қолданбасы. Интуитивті интерфейс бейне өңдеуді қарапайым етеді, алдын-ала білім қажет емес. Ол кәсіби және әуесқой бейне редакторларының қажеттіліктерін қанағаттандыратын кәсіби және жоғары сапалы бейнелер жасауға қажетті барлық мүмкіндіктерді ұсынады. Сонымен қатар, VN video editor - сіздің суреттеріңізді, бейнелеріңізді және музыкаңызды пайдаланып кәсіби бейнелер жасауға мүмкіндік беретін толыққанды бейне өңдеу қосымшасы. Бұл бейне өңдеу бағдарламасы кәсіби редакциялау қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көп камералы өңдеуді және арнайы бейне эффектілерді қолдайды. Мұндай қосымшаның көмегімен сіз елестете алмайтын ең керемет нәтиже көрсете аласыз. VN Video Editor-да қолдануға болатын 5 оң жағына жете тоқталды. Олар: Кәсіби бейнелерді өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету құралы (Профессиональное программное обеспечение для редактирования видео), негізгі кадр функциясы (Функция ключевого кадра), эффекттер мен сүзгілердің түрлері (Разновидности эффектов и фильтров), аудио құралдар (Аудио инструменты), файлдарды экспорттау (Экспорт файлов).

Бейнелеріңізге өзіңіздің фондық музыкаңызды және саундтректеріңізді қосу арқылы дыбыстық эффектілерді бейне биттерімен синхрондап, нақты белгілеп, аудио клиптердің ұзақтығын реттей аласыз. Сіз өзіңізге керемет нәрсе жасағаннан кейін, TikTok, SnapChat-та немесе инстаграмм, фейзбук, твитор, ватсап сияқты әлеуметтік желілерге өз туындыларыңызбен бөлісе аласыз. VN бейне редакторын жүктеп алу Android, iPhone, iOS, ПК үшін де толық пакет қарастырылған.

Тренингіміз әрі қарай өз жалғасын тапты, креативті ойлау мақсатында «Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны» тақырыбында креативті матрица әдісі қолданылды. Креативті матрица - бұл әр ұяшық екі түрлі категорияның қиылысы болатын тор. Бұл көптеген идеяларды қалыптастыру, айқас тозаңдануды ынталандыру, тақырыптар қиылысатын жерде жаңа шешімдер табу және дәстүрлі ойлаудан алшақтау үшін миға шабуыл жасау тәсілі болып табылады. БББ оқытушылары өз ойларымен бөлісті.

Содан кейін миға шабуыл барысында топтық жұмыс жүргізілді. Топты екі топқа бөліп, әртүрлі



тақырыпта түрлі-түсті картинкалар үлестірілді. Тапсырма картинкаларды көре отырып альфавит бойынша топтастыру болды.

Тренинг соңында қосымша сұрақтар қойылып, ғылыми-әдістемелік семинардың жетекшісі аға оқытушы Гайнеш Гумаровна өз алғысын білдіріп, тренинг өз мәресіне жетті.

**Б.С. НАСЫРОВА,**  
БББ оқытушысы, магистр



5 наурыз күні факультетімізде «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ» атты Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс өңірінен шыққан Әлия Молдағұлова, Маншук Маметова т.б. батыр қыздардың өнегелі өмір мен жауынгерлік ерліктерін насихаттауға бағытталған рухани-танымдық кеш өткізілді.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ

Шарада ГТ-31 топ студенттері БҚО-дан шыққан 20 батыр қыздарымыздың өмірі мен ерлігі туралы мәліметтермен таныстырды. Сондай-ақ шараға шақырылған арнайы қонақтар М.Маметова мұражайының директоры, өлкетанушы Ахмедияр Қуанұлы мен тарих ғылымдарының кандидаты Бақтылы Сансызбайқызы сөз алып, студенттерге деріс оқыды. Кураторлардан аға оқытушы Балдай Хамзиевна қатысты.

Шараны Қазақстан ұлттық арнасынан көрсетеді. Ұйымдастырушы ГТ-31 топ кураторы Нурсулу Сапарбековна және топ студенттеріне үлкен алғыс білдіреміз.

## Ұлтымақ пен берекенің бастауы

Көрісу – Қазақстанның батыс өңірі қазақтарының арасында сақталған ежелгі дәстүр. Мемлекет басшысы бекіткен «Наурызанама» онкүндігінде де бұл күн Көрісу күні болып есептеледі. Осыған орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Көрісу күні атап өтілді. Бұл шарадан Педагогика факультеті де қалыс қалмады. Мереке аясында Киіз үй тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен ойындар ұйымдастырылды.

Күрес, ләңгі тебу, асық ату, қол күресі сияқты ойындарда студенттер барынша белсенділік танытты. Киіз үйімізде факультеттер ұлттық тағамдардан көрме ұйымдастырып, сонымен қатар олардың тарихымен таныстырды. Шара барысы мерекелік концертпен жалғасты. Жиналған қауым бір-бірімен көрісіп, мерекені ерекше атап өтті. Мерекенің ерекшелігі бұл күні бұрынғы өкпеніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-көлем бір-бірін шеке асына шақырады, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді.

**Айнара МАРАТҚЫЗЫ,**  
ПМНО-21 тобының студенті

## Алғыс айту – парызым

Алғыс айту күні мерекесі қарсаңында ғылыми кітапхана қабырғасында «Алғыс айту – парызым!» атты мерекелік кеш өтті. Кешке М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың Хореография және мәдени-тынығы БББ аға оқытушысы, магистр Исакова Индира Идиятовна, Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы аға оқытушы, магистр Маденова Лаззат Мутиголлиевна, университет тазалығы үшін ат салысып жүрген қызметкерлер, аяулы ана Габдушева Алия Байтурсыновна мен Нуришова Гульзада Жексенбаевна және студенттер қатысты.

Кеш Мәдениет және өнер факультетінің вокалдық өнер БББ 4-курс студенті Махсотова Айнара «Жақсы адамдар», «Алғыс» әнін шырқаумен басталды. Әрмен қарай кеш қонақтары мен студенттер арасында қызықты ойындар ойнатылып, жылы лебіздерін білдіріп, әсерлі көңіл-күй сыйлады. Ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы мерекемен құттықтап, кеш қонақтары мен студенттерге өз алғысын білдірді.



Кеш қонақтары көңілді әрі қызықты кеш үшін ұжымға ризашылықтарын білдірді. Біз осы Алғыс айту күнінің мереке есебінде күнтізбемізге енгеніне өте қуаныштымыз. Жүрегіміз нұрға, көңіліміз жырға толып, әдемі есте қалар күні ғана емес, әрдайым бір-бірімізге жылы лебіз-тілектерімізді аямай жүруді сезіндік. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын жақсылық жасағысы кеп тұратынын естен шығармайық.



XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосылуының түпкілікті аяқталып, 1867-1868 жылдардағы жүргізілген әкімшілік реформалардан кейін, Қазақстанда тек орыс ұлтының (орыс казактары мен қоныс аударушы шаруалар) арасында емес, жергілікті қазақ халқының арасында да оқу-ағарту идеялары кең тарала бастады. Қазақстанның Ресей патша үкіметінің құрамына қосылуы, қазақ даласының қоныстанған байырғы халықтардың өміріне орыс мәдениетінің прогрессивті түрде енуі осы аймақтағы білім мен ғылымның дамуына белгілі бір ықпалын тигізді. XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін қазақ балалары медреселер мен молдалардан алғашқы сауатын ашса, ендігі кезекте орыс-қазақ мектептерінде білім ала бастады.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда патша үкіметінің отаршылдық саясатына сәйкес жаңа жүйедегі орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Қазақ даласында орта (әйелдер мен ерлер гимназиялары, реалдық училищелері, мұғалімдер семинариялары), бастапқы (гимназиялар, қалалық училищелер, приходтық училищелер, орыс-қазақ мектептері, ауылдық мектептер мен ауылдық бастауыш мектептер) және кәсіби (мұғалімдер семинариясы мен Орынбор қазақтары басқармасы жанындағы қазақ мұғалімдер мектебі, ауылшаруашылық мектептері мен фельдшерлік мектептер, кәсіптік мектептер мен теңіз мектебі) білім беретін оқу орындары жұмыс жасады.

Тарихи осы кезеңде 1870 жылы Орал қаласында әскери гимназиясы ашылды. 1886 жылы Орал облысының әскери губернаторы Н.Н.Шипов: «Орал қаласында ашылатын реалдық училище Орал, Гурьев қалаларының екі кластық мектептерінің алдын-ала дайындық бөлімінде оқыған қазақ балаларын қарсы алады. Самара гимназиясында орта білім алуға ынтасы бар қазақ балаларына бірнеше шәкіртақы тағайындалады» - деп хабарлама жасаған еді.

Сөйтіп, 1890 жылы 29 мамырда Орал әскери гимназиясын реалдық училищеге айналдыру жөнінде бұйрық шығады. 1890-1891 оқу жылында бұл гимназия Орал алты кластық реалдық училищеге (немесе реалдық оқу орны математика, жаратылыстану ғылымдарын басым етіп оқытқан Қазан төңкерісіне дейінгі орта мектеп) айналдырылды. Орал реалдық училищесінің білім алушылары үшін «УВРУ» (Уральское войсковое реальное училище) алтын таңбасы ойылып жазылған ерекше бас киім мен арнайы әскери нышандағы киім үлгісі белгіленді.

1900-1901 оқу жылында реалды училищеге бір жылға 6914 сабақжоспарланып, құрметті қамқоршы, училище директоры, инспектор міндетін атқарушы, заң оқытушысы (законоучитель), 9 ғылым мен тілдерді оқытатын, 1 дайындық класының, 2 өнер, майдан (фронт), гимнастика, би, ән, музыка, 3 сынып тәлімгерлерінің көмекшісі (олардың біреуі жаратылыстану-тарих пәндері, біреуі математика және музыка пәндерінің мұғалімі), дәрігер, іс жүргізуші барлығы 22 адам қызмет атқарады. Училищеге математика, алгебра, тригонометрия, орыс тілі, тарих, құдай заңы, техникалық сызу, арифметика, геометрия, география, көркем жазу, неміс тілі, француз тілі секілді түрлі пәндер оқытылды.

1900 жылы 1 тамыздан училище инспекторының міндетін атқарушы болып орыс тілі пәнінің мұғалімі И.Сивицкий тағайындалады. Училищеге Императорлық Санкт-Петербург, Мәскеу және Қазан университеті, Сант-Петербург рухани академиясы, Орынбор мұғалімдер институты сияқты алдыңғы қатарлы оқу орнын бітірген мамандар сабақ берді. Француз, неміс тілдері оқытылды.

1901 оқу жылында барлығы 342 оқушы білім алған. Әр оқушы оқу ақысы үшін 50 рубль (сом) төлеген. Әскери қызметкерлердің балалары тегін білім алу мүмкіндігіне ие болған. Дайындық сыныбында шет аймақтан келгендер – 40 рубль, әскери қызмет етушілердің балалары – 20 рубль төлеп білім алған.

Училищеге білім алушылардың тәрбие жұмысына да жауапкершілік жоғары болды. 1719 жылы қабылданған Қасиетті Заңның XI бабына сәйкес, оқушылардың тәртібі 5 балдық жүйемен бағаланды. 1917 жылғы ақпан төңкерісі қарсаңында училище оқушыларының саны 528-ге жетті. Реалдық училищеге Орал казак әскери қызметшілер, шенеуніктер сол сияқты дін өкілдерінің балалары тегін білім алды. Өлеуметтік жағдайы төмен оқушылар оқулықтар мен оқу құралдарын тегін пайдаланды. Оқу үлгерімі жақсы, тәртіпті кедей балалары үшін оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ оларға қаладағы «Көмек» («Общества вспомоществования») қоғамы оқу құралдары, дәрі-дәрмек, киім-кешек, аяқ киім сияқты қажеттіліктері үшін қаржылай көмек көрсеткен.

Деректерге қарағанда, 1901-1902 оқу жылында әскери (сословия) өкілдерінен шыққан оқушыларға 13, Орал облысының қырғыз балалары үшін 14 жеке стипендия тағайындалған. Сол кездегі қаланың ауқатты адамдары училище жатақханасы жанындағы ауруханаға қаржылай көмек көрсеткен. Мәселен, 1901-1902 оқу жылында Овчинников 500 рубль, азаматша Прасвинова 150 рубль, III-ші Орал казак полкі өлеуметтік жағдайы төмен әскери қызмекерлердің балалары үшін 60 рубль бөлген.

1901 жылы реальдық училищені материалдық жағынан жабдықтау үшін Мемлекеттік қазынадан – 5501 рубль, Орал казак әскерінен – 22188 рубль, арнайы қордан – 9037

рубль, барлығы – 36727 рубль қаражат бөлінген.

1900-1901 жылға оқу жылындағы жазғы демалыста жоғарғы кластың 11 оқушысы саяхатқа жіберіліп, олар Мәскеу арқылы Петербург қаласына барады. Олардың ішінде 2 қырғыз баласының әрқайсысына әскери губернатордың жарлығымен Облыстық басқарма 50 рубль қаражат бөлген.

1901 жылы 7 мамырда Атаман генерал-лейтенант Константин Николаевич Ставровский француз тілі және табиғаттану (естественной истории) пәндері бойынша 6 класс оқушыларының емтиханына қатысады.

Оқушылардың сапалы білім алулары үшін реалдық училищенің кітапхана қорын толықтыруға қамқорлық жасалып отырған. Жалпы училищеге кітапхананың екі түрі ең басты (фундаментальная библиотека) және оқушылар кітапханасы болған. Оқушылар кітапханасында білім алушыларға Халық ағарту министрлігінің ұсынысымен оқытылатын пәндер бойынша, сондай-ақ ұстаздарының нұсқауы бойынша қажетті оқу құралдары аса мұқияттылықпен берілетін болған. 1902 жылдың 1 қаңтарда ең басты (фундаментальная библиотека) кітапханада жалпы соммасы – 9745 рубль көлемінде 3842 түрлі 8623 дана кітап, ал оқушылар кітапханасында 2215 рубль көлемінде 1254 түрлі 2386 дана кітап болған.

Физика, химия пәндерінің сабақ кабинеттері іс-

1899-1900 оқу жылында Досмұхамедов Жанша II класқа, 11 оқушының ішінде Дасбаев Нұрғали III класқа, V класқа көшірілген 5 оқушының үшеуі Бердеев Ғұбайдолла, Досмұхамедов Халел, Ипмағамбетов Нұрғали емтихансыз көшкен, ал Сарбупеев Темирхан, Сарығожин Сабыржан екеуі емтихан арқылы көшірілген. 1900-1901 оқу жылында дайындық класынан I класқа емтихансыз көшірілген 14 оқушының ішінде 1 мұсылман баласы – Букишов Джумағали, II класқа көшірілген 6 оқушының ішінде Купжасаров Искендир емтихансыз көшкен. III класқа Досмұхамедов Жанша тағы да емтихансыз көшірілген. IV сыныпқа Досбаев Нұрғали емтихан арқылы, ал VI класқа Бердеев Ғұбайдолла, Досмұхамедов Халел, Ипмағамбетов Нұрғали, Бекімов Молданияз, Күсепқалиев Шабазгерей емтихансыз көшірілген. Демек, болашақ қазақ зиялылары білімді оқушылар қатарынан көрінген.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи - өлкетану музейінің қорында өлкемізден шыққан алғашқы қазақ дәрігерлері Н.Ипмағамбетов, Ғ.Есенғұлов, Б.Бейсеновтардың жеке құжаттарымен қатар олардың осы реалдық училищені бітіргендігі туралы аттестаттары сақталған. Училищенің толық класын аяқтағаны үшін берілетін аттестатта олардың сабақ үлгерімі мен ерекше тәртібі үшін жоғары бағалар қойылған.

Реалдық училищеге жақсы оқып, үлгілі тәртібімен



## БАТЫС АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ОҚЫҒАН ӘСКЕРИ-РЕАЛДЫҚ УЧИЛИЩЕ ТАРИХЫ

тәжірибелік арнайы құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ реалдық училищеге жаратылыстану-тарихи музейі 794 жәдігермен толықтырылған. Училище жанынан ашылған метеорологиялық станция жұмысына училище директорының өзі басшылық етеді. 1902 жылы 1 қаңтарда станция 487 сомға 16 қажетті құрал сатып алады.

1895 жылы училищенің білім алушылары үшін арнайы жатақхана тұрғызылды. Орал реалдық әскери училищенің жатақханасы қазір Орал қаласы, Ғ. Тоқай көшесі, 43 үй мекен-жайында орналасқан көне ғимарат. Ғимарат екі қабатты, құрылыс материалы қызыл тастан, тікбұрыш үлгісінде салынған. Төбесі темір, ағаш қоршаудан жасалған. Кіре беріс порталы және карнизі сәндік тас қиындыларымен безендірілген.

Жатақхана үшін оқушылар жылына – 250 сом ақша төлеген. Алайда кейбір қарапайым қазақ балалары үшін жатақхана ақысы қымбат болғандықтан туыстарының үйінде жатуға немесе жеке бөлмелерді жалдауға мәжбүр болған.

1901 жылы жатақханада 39 оқушы тұрған. Жатақханадағы оқушылар училище директоры мен инспектор міндетін атқарушының бақылауында болған. Сонымен қатар Тулодзецкий, Тронов, Гамма, Гизингер, Крылов сынды училище оқытушыларына тәрбиешілік қызмет қоса жүктелген.

Жатақхана тәрбиеленушілері үшін арнайы тегін кітапхана жұмыс істейді. 1901 жылы жатақхананың кітапханасында 115 түрлі 770 дана кітап, 71 оқу құралы, ал 1902 жылы 352 түрлі 466 дана кітап болған.

Реалдық училищеге кластан класқа көшіру бақылау емтиханы арқылы жүргізілген. Қабілетімен көзге түскен оқушылар келесі класқа емтихансыз көшірілген. Мәселен,

көзге түскен оқушылар I, II дәрежелі марапаттарға ие болған. Мысалы, I класс бітірген Купжасаров Искендир I дәрежелі марапатқа, II класс бітірген Досмұхамедов Жанша II дәрежелі марапатқа және алғыс хатқа, V класс бітірген Досмұхамедов Халел кітап және мақтау қағазына ие болған.

Сонымен қатар, бейнелеу өнері (по рисованию) пәні бойынша ерекше қабілетімен көзге түскен II класс оқушысы Досмұхамедов Жанша, V класс оқушылары Досмұхамедов Халел, Ипмағамбетов Нұрғалиға ерекше сыйлықтар берілген.

Бұл реалдық училищені бітірген түлектеріне Императорлық Мәскеу техникалық училищесі, Мәскеу әскери училищесі, Харьков ветеринарлық институты, Мәскеу ауылшаруашылық сияқты оқу орындарына жолдамалар берілген. Жоғарыда айтылғандай, осында жолдамаларға ие болған Ғұмар Есенғұлов, Бақтығали Бейсенов Саратов қаласындағы Императорлық Николаев Университетін, Нұрғали Ипмағамбетов Қазан қаласындағы Императорлық Университеттің медицина факультетін тәмамдады.

Училище ғимаратында 1913 жылдан бастап оқытушылар семинариясы ашылады. 1920 жылдары семинария базасында 4 жылдық педагогикалық техникум ашылды. Орал қаласында педагогикалық институттың ашылуына дейін педагогикалық техникалық республика мен облыстағы бірден-бір оқу орны болып табылды.

**Б.С. БОРАНБАЕВА,**  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
**Ә.М. САҒЫНОВА,**

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
2-курс магистранты



2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издається с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.  
Ахмет Байтұрсынұлы

# ЖУРНАЛИСТ

№2 (67), наурыз, 2024 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Ұлт сапасы: Бес кеселден қашық бол

## Адал адам – дал еңбек – дал табыс

(Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінің фрагменттері)

– Құрылтай -той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын емес.

– Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады... Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет.

– Ұлт жылнамасы елді біріктіретін фактор болуға тиіс. Ашығын айтуымыз керек, біз тарихқа келгенде көбінесе эмоцияға беріліп кетеміз. Өткен заманды орынсыз қазбалау жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі, зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаған.

– Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Мысалы, әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды...

– Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

– Ең бастысы, нақты іс болуы керек. Осы тұста, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» туралы ерекше атап өткім келеді. Мен қоғамның «Qazaq tilii» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдадым. Осы жақсы бастаманы қолында қаржысы бар азаматтар жалғастырып әкетті. Тілімізге қамқорлық танытқан жандарға ерекше ризашылығымызды білдіремін. Қалталы, жанашыр азаматтар қорды ұлғайтуға үлес қосады деп сенемін.

– Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат.

– Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек... Көп ұзамай Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар бой көтереді... Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мәселен, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Мен Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысты қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек.

– Қазақстан – Ұлы Даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған.

– Жошы әулеті алты ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұланғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы Даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында. Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды... Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық арендағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек.

– Қазақстанды «Таңбалы тастар мекені» деп бекер айтпайды. Ешкірмес жотасы – Еуразия құрлығындағы петроглифі ең көп жердің бірі. Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларында көптеген тарихи сурет сақталған. Бұл жәдігерлер – Дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі... Біз теңдессіз тарихи нысандарымызды жоюға жол бермей, мұқият қорғауымыз керек... Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек. Елімізде кәсіби археологтар тапшы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілдер бар.

– Тіпті еліміздің аумағынан табылған құнды жәдігерлерді Қазақстандағы, шетелдегі жеке коллекциялардан және әлемнің әртүрлі мұражайларынан көретін болдық. Бұл мәселені шұғыл қолға алу керек. Атап айтқанда, археология саласына қатысты заңдарды жетілдіру, лицензия беру ісін реттеу және археологиялық қазба жұмыстарын заңсыз жүргізгені үшін жазаны күшейту қажет. Тарихи-мәдени мұра санатына кіретін нысандарға реставрация жасау ісін ретке келтіретін шараларды күшейткен жөн. Тарихи жәдігерлерімізді шетел мұражайларынан Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да маңызды. Ондай мүмкіндік болмаса, еліміздегі мұражайларға қою үшін жәдігерлеріміздің дөлме-дәл көшірмесін жасау керек.

– Өз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі «Ұлттық киім» күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінің танытын болуы керек.

– Кейінгі жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдар пайда болды. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіредіншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет.

– Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

– Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі... Осы орайда «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасын ерекше атап өткім келеді. Зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезеңде Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған... Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге.

– Қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда есірткі саудасы және нашакорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және агрессиямен, вандализммен, ысырапшылықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырамын.

– Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек.

– Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды.

– Экономиканы дәйекті дамыту үшін еліміздің бәсекедегі артықшылықтарын түгел пайдалану керек. Қазақстанды Еуразия құрлығындағы негізгі транзиттік хабтың біріне айналдыру үшін батыл қадамдар жасауға тиіспіз.

– Біз соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Басты мақсат – елімізді аймақтағы ашық нарықтық экономикасы бар маңызды орталыққа айналдыру. Осы орайда, ұлттық буржуазияға зор міндет жүктеледі. Мен ұлттық буржуазия туралы ой-тұжырымды осыдан 24 жыл бұрын Давос экономикалық форумында атап өттім. Бұл жерде ұлттық деген сөз кәсіпкердің ұлтына емес, оның азаматтық сана-сезіміне қатысты айтылып отыр. Яғни, елімізге қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігін сезінетін және Қазақстанды дамытуға елеулі үлес қосатын ұлттық буржуазия керек.

– Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет. Бұл, әсіресе, әлемде «заңның күші емес, күштінің заңы» деген қағидат үстемдікке ие болып, егемендігі осал мемлекеттердің маңдайына өзгеге кіріптар болу жазылған-мыс деген пайымға жол беріле бастаған бүгінгі заманда өте өзекті.

– Қай жерде болсын, еңбектің, кәсіптің жаманы болмайды. Тек бәрі заңды болуы керек... Ел ішінде немесе шетелде заңды түрде жұмыс істеп, табыс табуға мүмкіндік туса, одан бас тартпаған жөн. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу.

– Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек.

– Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлттымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттік органдардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруі қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрлігі мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуға тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргізілетін жұмысқа осы құндылықтарды үйлестіре кіріктіруі керек. Аталған идеалдар Қарулы күштеріміздің әскери-патриоттық іс-шараларына да арқау болуы қажет... Озық құндылықтар біздің болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы үшін оны қоғамда жан-жақты дәріптеудің тиімді тәсілдерін іздеу, ұсыну және тарату қажет.

– Ең бастысы – нақты мақсат қойып, соған ұмтылу. Осыны жете түсінген жөн. Әр азамат еліміздің қайда бет алғанын, ертеңіміз қандай болатынын білуі керек. Бұл – өте маңызды. Әрине, еліміздің болашақтағы бейнесі сан қырлы, оны өркім әрқалай түсінуі мүмкін. Алайда оның негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттауға болады. Бұл үшеуі бір-бірінен бастау алады және өзара тығыз байланысты.

– Бізге және ұрпағымызға ешкім сырттан келіп жарқын болашақты жасап бермейді. Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді.

Әзірлеген, А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,  
Қоғамдық даму департаментінің директоры,  
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик



26 наурыз күні Алматы қаласында, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы жоғары оқу орындарының студенттері арасында дәстүрлі музыкалық өнер пәндері бойынша «Халық әні» кафедрасы дәстүрлі орындаушылық бойынша «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің XVI Республикалық пәндік студенттік олимпиадасы өткізілді.

## Мәдениет — қоғам айнасы

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы Олимпиада студенттердің танымдық жүйесімен оқу – зерттеу қызметін анықтау, талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, сондай-ақ отандық музыка мәдениеті мен орындаушылық өнердің үздік дәстүрлерін сақтау және Қазақстан Республикасының музыкалық-педагогикалық мектептерінің ынтымақтастығын одан әрі жалғастыру мақсатында өткізілген пәндік олимпиадаға университетіміздің намысын қорғап барған студенттеріміз үздіктер қатарынан табылды. Атап айтсақ, дәстүрлі музыкалық өнер ббб 1-курс студенті Ораш Даурен («Халық әні» номинациясы) және дәстүрлі музыкалық өнер ббб 2-курс студенті Габитова Сабина («Жыршылар» номинациясы) жүлделі 3-орынды иеленіп, республикалық шығармашыл жастардың қатарынан орын алды. Жетекшісі - өнертану ғылымдарының магистрі Мухамбетжанова Айжан Абухановна.

Ұлттық өнерді тұмарындай сақтап, шығармашылық



ортаға кеңінен насихаттап жүрген, осынау айтулы өнерден орын ала білген студенттерімізге, шығармашылық табыста болып еңбек жолдарыңыздың кең болуына, сонымен қатар, белестің биік шыңынан көрінулеріңізге шын тілекшіміз!

## IQ INTELLIADA - 2024

Наурыз айының алғашқы жұлдызында Жаратылыстану және география факультетінде «IQ INTELLIADA-2024» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыстың негізгі мақсаты - студенттердің білімдерін сайысқа түсіріп, білімді, жан - жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға бейімдеу, дарынды, озық ойлы болуға бағыттау. Тапқырлық, шапшаңдық қабілеттерін шыңдау әрі факультеттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту.



Ойын 5 кезеңнен тұрды:

- 1-кезең: Бейнені тап;
- 2-кезең: Секір тап;
- 3-кезең: Бәйге;
- 4-кезең: Тигіз-жауап;
- 5-кезең: Қызықты дерек.

Кезеңдер рет-ретімен орындалып, әділқазы алқасы өз қорытындысын айтты. Сайыс қорытындысы бойынша Педагогика факультеті 1-орын, Физика және

математика факультеті 2-орын, Тарих, экономика және құқық факультеті 3-орынды қанжығаларына байлады. Сонымен қатар, Филология, Мәдениет және өнер, Жаратылыстану -география факультеттері өте ерекше номинацияларға ие болды. Сайыс соңында қатысушыларға алғыс айту мақсатында шоколадтар таратылып, шарамызды қорытындыладық. Барлық қатысушы факультеттерді және жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

## Қазақы IQ

«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты жоба аясында педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Қазақы IQ» зияткерлік сайысы өткізілді. Сайыс барысында ұлттық ою-өрнектер кескінделіп, тарихына, ерекшеліктеріне шолу жасалынды. Сонымен қатар, үй тапсырмасына берілген ұмыт қалған ұлттық тағамдар туралы ақпараттар беріліп, сиқырлы киіз үйде берілген ұлттық салт-дәстүрлер дәріптеліп, ұлттық құндылыққа қатысты сұрақтар қойылып, білімдері сыналды. Нәтижесінде белсенді қатысқан топ жүлделі орындармен марапатталды.

Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Бабаларымыздың бұрынғы жүріп өткен дәстүрлі жолы бүгінгі жас ұрпақ үшін қараңғыда жол табар шырақ секілді.

## ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босатылған бос білім беру гранттары иегерлерінің тізімі жарияланды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 23 бакалавриат студенті және 9 магистранты мемлекеттік білім беру грантының иегерлері атанды.

Мемлекеттік білім грантының иегері атанған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті студенттерінің қуанышы бейнеге түсірілді.

Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босатылған білім беру гранттары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранттарын беру жөніндегі республикалық конкурстық комиссия отырысының 2024 жылғы 27 ақпандағы №6 хаттамасы негізінде беріледі.

Менің есімім - Мерғали Алан. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, мәдениет және өнер факультетінің вокалдық өнер білім беру бағдарламасының II курс студентімін. Білім ордамыздың студент жастарға берген мүмкіндігі арқылы жақында Италиядан оралдым.



Жыл сайын әр түрлі елдерден 35000-ға жуық студент жоғары білім алу үшін Италияның негізгі қалаларына барады. Кез келген студент өзіне мақсат қойып, шет мемлекеттен білім ала алады. Бұл біздің еліміздің даму сатысындағы үлкен қолдауы. Осындай мүмкіндіктің маған да сәті түсті. Академиялық ұтқырлық арқылы білім алып жатқан оқу ордамнан Италия елінің, Неаполь қаласына 4 айға жуық уақыт L'Orientale университетінде оқуға мүмкіндік алдым.

Италияда жеке вокалистпен бірге жұмыс істеп, итальян, ағылшын, көріс тілдерін оқып меңгере алдым. Сонымен қатар, «Орталық Азияның тарихы» атты курсты сәтті меңгердім. Бұл саяхат мен үшін маңызды шешімдердің бірі болды. Көптеген Италияның тарихи қалаларында болып, тарихы мен мәдениетін және күнделікті өмір дәстүрлерімен таныс болдым. Оларды айта кетсек: Неаполь қаласы, Рим (Италияның астанасы), Сорренто, Помпеи қаласы, Везувий вулканы, Казерта және де өлемдегі ең кішкентай ел - Ватикан елі. Сонымен қатар, Италия мен үшін көптеген естен кетпес естеліктерді сыйлады. Жаңа достар таптым, сол достарым маған итальян тілін еркін меңгеруге көмектерін көрсетті. Әлемді аралап білім алу, өзге жердің тарихымен танысып сананы кеңейтуді әр студент мақсатқа айналдырса деймін.

Осындай таңғажайып мүмкіндікті сыйлаған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан Хабиболлаұлына және барша профессор-оқытушылар құрамына өз ризашылығымды білдіргім келеді. Сенім білдіріп қолдаған ата-анама, өз тәжірибелерімен бөліскен оқытушыларға алғысым шексіз. Білімнің қара шаңырағына айналған ордама жаңа шығармашылық табыс, одан әрі өркендеу мен даму, ең батыл идеяларды, жобалар мен жоспарларды іске асыруда жаңа бастамалардың көбеюін тілеймін!

Алан МЕРҒАЛИ,  
Вокалдық өнер білім беру бағдарламасының  
II курс студенті



Кез келген егемендігі мен тәуелсіздігі жарасқан, қазыналы қарты мен жас буыны бар, тыныштығы мен бейбітшілігі сақталған мемлекеттің өзіндік ерекшелігі, мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі мен рухани байлығы бар. Солардың бірі - сары майдай сақталып күні бүгінге жеткен тәңірдің сыйы, ұлттың тірегі-мемлекеттік тілі. Қазақ тілі - қасиетті де қастерлі. Атадан балаға аманат боп қалған байлығымыз. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Ұлтымыздың тілі мәңгілік болсын десек, ана тілімізді құрмет тұтып, тағзым ету парызымыздан аттамайық.

Қазіргі таңдағы өзекті әрі қынжыларлық мәселенің бірі - ана тіл қадірінің төмендеуі. «Көпке топырақ шашқаным емес», - деп жауып қойсам да, қарапайым өзіміздің ауызекі тілде пайдаланып жүрген, әр сөзімізге қыстырыла кететін не орыс, не ағылшын сынды шет тілдердің кірме сөздігі. Өзіміз үшін бәлкім бір «абырой»

дәреже көрсетіп жатыр, тіпті өз тілдерінен бейхабарлары да бар.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп бекер айтылмаса керек. Біздің ұлттық құндылықтарымыз бен рухани және материалдық байлықтарымыз өзіміз үшін, сол себептен оларды қорғап, қолдап, дәріптеп, ізін өшірмей, келесі ұрпаққа аманаттау кез келген азамат пен азаматшаның міндеті. Бүгінде қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Қазақ тілін жілікше шағып, кереметтей сөздік қорын игеру керекпіз. Тіпті мемлекетті басқара отырып, екі әріптің басын қазақша қосып жеткізуге қиналып, тіл мәртебесін төмендетіп жатқандар да бар. Сондықтан, мемлекеттік басқару жүйесіндегі азаматтарды тілімізді қастерлеуге, отбасы арасында ғана емес, қызмет бабында да белсенді қолдануға шақырамын.

## Қазақстан азаматы ҚАЗАҚ ТІЛІН меңгеруі тиіс

Боп қабылданар, бірақ біз осындай әдеттермен де тіл деңгейін түсіріп алып жатамыз. Қай мемлекетке барсаңыз да сіз сол мемлекеттің тілін үйреніп барасыз, ондағы мақсат сол мемлекетте еркін жүріп-тұру, қоныстау және тиімді әрі маңызды жерлермен көзіңіздің қызығын қандыру. Әрине көп тілді меңгеріп, полиглот болу көптің қолынан келе бермейтін, батыл әрекет пен жоғары дәреже. Бірақ, мәселе онда емес. Мәселе қайда? Біздің мемлекетке келер кезде шет елдіктердің еркін жүріп-тұру жағдайын біз жасаймыз. Ол қалай десеңіз қазақ тілін үйреніп келген азаматтар бар десек те саусақпен санарлық қана. Ал олардың еліміздегі саяхатына сол тілде сөйлеп қиналатын да біз. Қарапайым өз еліміздің ішінде де біз қазақ тілінде көп диалог құрмаймыз. Кейбір қалаларымызды тіпті орыстанып кеткен деп те жатады. Ал жақсы жағынан қарасақ, Қазақстан азаматтығын алған бір ту астындағы басқа ұлт өкілдері жауапкершілікті сезініп, қазақ тілін жетік меңгеріп, түрлі салада жоғары

Қазақ тілі - жеке бір адам жасап немесе қолданатын емес барша ұлттық тілі. Тіл жолында күрес біздің мемлекет үшін ең маңызды мақсаттардың бірі. Бірнеше халықты бір шаңырақ астында бейбіт, тату ұстап отырып, өз халқымыз тілін ұмытып, қазақ тілінің жойылуына әкелетін күннен аулақ болайық. Мәртебесі биік мемлекетте тіліміздің даңқы мен дәрежесін асқақтатып, кемеліне жеткізейік. Президенттің «Ұлы Дала ұлағаттары» атты кітабының тіл туралы тарауында «Іс басында, әсіресе, халықтың көз алдындағы жауапты қызметте отырған қазақтардың өздері мемлекеттік тілді менсінбей, өзге тілде сөйлеуге құмар болса, оған халық та, тіл де кінәлі емес. Кінәлі – ұлттық намыстың аздығы, ерсі әрекетке еліктегіштік, ұлт дәстүріне енжарлық», деп атап кеткенін ескерсек, әр адам өзінен бастау алар намысымызды қолға алып, ел үмітін ақтауда ерең еңбек еткен жандардан болайық!

Мадина ХАМИТОВА,  
МО-11 тобының студенті

Өзім күнде көріп, көзқашты болған күйбең тірлік аяқ астынан өзгеріп, құдды бір дүние есігін жаңа ашып тұрған тәріздімін. Өміріме мән беріп, сән кіргізе алатын өзім екендігімді кейінірек ұқтым.

Сағат тілі тұп-тура екі мың он сегіздің қарашасына апарғанда мына суық қаланың түтінін жұтуға келмес едім ғой. «Ех, тағдыр» деп күрсініп қоямын... Арман қуған бала Айбибі орталықтан бір шығып, үнділермен бірге медициналық академияны (қазіргі Қарағанды медицина университеті) оқып жүр десе сенбейтін едім. Осыны дәл қазір тар бөлмеде жападан жалғыз жазып, көзіме еріксіз жас үйірілді. Лапылдаған он жетім мен он сегізін түтін қалада булықты, тұншықты. Ата-ана үмітін арқалап, оқимын деп келген мені ол қала жылы қарсы алған жоқ. Тоғыз жүз қырық бесінші бөлме, қырық үшінші қоғамдық көлік, ақ халат пен университет. Әр күнім тек қалайда жақсы оқуым керек деген оймен өтіп жатты. Ойым мен санам қаламаса да, екі аяғым университет табалдырығын

ісіп тоғыз жүз қырық бестің есігінен сүйретіліп төменге түсіп, кетемін, шығамын деген жан дауысым бүкіл жатақхана ішін алып кетпесі бар ма? Сол кез «бұл өмірге не үшін келдім?» сауалын санама ұқтырған сәт болды. Қалада келе жатып мейірімге толы жүрек жоқ болғаны ма? Әр кезіккен адамнан жылулық күтумен болдым. Бұлыңғыр тіршілік мені әуре-сарсаңға салып қойғаны ма?

А-а-а-а даусымды күллі Гоголь көшесі естуі керек. Барша жанардан жылылық көрмегенде сені аңсадым, Ақжайығым.

Қоштасып ұзақ, қимай ақыры алыстаған балалық-ай. Бүгінгімі сенімен бөлісуге бел бусам, босаңсып, нұр толы жанарыңның алдында өзімді ұстай алмайтын сияқтымын. Сенің армандарың мен менің шындығым ұштаспай, қарама-қарсы жатқан екі параллельге айналды. Кешірші, екеуіміз қаңылтыр қақпаға бормен сызған сызуды жаңбыр өшіріп кетті. Бірақ, бақытты болып едік. Бала арманым ішімде қалып кетті.



## Тұлға болып қалыптасу жолындағы әрекет

Менде бала кезден мектеп қабырғасында тек бір ғана ұстаным басым болды, ол - тұлға болып қалыптасу. Мен үшін даму ол атақ, даңқ, абырой емес, ең бастысы – қарапайымдылық. Бала кезден қой аузынан шөп алмас болған маған оқуға келу, ашылуға деген қиындықтар туғызғаны рас.

Мен қазір жатақханада өмір сүрудемін, бұндағы мақсатым - студенттік өмірдің қиыншылықтары мен қызықтарын бастан өткеру. Алайда, кейде сол қиындықтар мені тығырыққа тіреп жатады, амалың таусылған кезде өзің келген қарашаңырағыңды сағыну, құса болу бастан кешетін сезім. Қазіргі кездің өзінде студенттердің басынан көптеген келеңсіз де уайымға салатын сынақтар өту үстінде. Ол сынақтарды көтеріп жатқандар да, сүрініп жолда қалып жатқандар қаншама? Білім алудан, оқудан бөлек жаңа қала, жаңа ортаға ата-анасының үмітін арқалап келген жастар да аз емес, олардың ішінде өзім де бармын. Білгенім емес, білмегенім үйретуде ата-ананың ұл-қызына деген сенімі, бәрінен де биік қоюға тиіс жағдай. Мектептен кейінгі өмірден соң жақындарыңнан тиіп-қашпа болған төрт жылдық өмір кейбір жандарға еркіндік болса, кейбіреулер үшін нағыз шытырман мен қиындыққа толы уақыт. Мектеп өмірінде өзін тани алмаған жандар үшін ЖОО – үлкен мүмкіндік. Мен ес білгеннен көз көрген ауыл үлкендерінің жетістіктерін көрумен болдым және бұл мені осы жолға аттандыруға үлкен септігін тигізді.

Қолға қалам алу барлығының дерлік қолынан келеді, ал қолға алынған қаламмен жаңа тарихты, болашағыңды туралау қиын. Адам өзін жетілдіру барысында небір қилы күндерді бастан өткізуі – ол заңдылық. Алайда, осы жолдан нәтиже шығару барысындағы әрекет үлкен еңбекті қажет ететін құбылыс деп басып айтуға болады.

Жантілек МУТИ,  
ИСТР-11 тобының студенті

Тоқсан минут тоқсан жылғы ғұмырымдай өтіп болмады. «Күткенде уақыт өтпейді неге?» деп отырысыммен біте сала деканаттың алдына таман аялдадым. Жүрек дүрсілдеді. Мені тап сол сәтте ешкімнің сөзі, диплом, жоғарғы оқу орны, медицина ешқайсысы алаңдатпады. Бәлкім менің орнымда өзге студент болса соңына дейін оқуын аяқтар еді. Жүзі суық, үнемі «ақ халат қайда, бас киім қайданы» айта беретін студенттердің қас жауы десем артық емес шығар. Десе де талапшыл «Д» есімді шашы үрпиген тәтейге оқудан шыққым келетінін жеткіздім. Тағы да сендерді айтты, әке-ана. Ата-анаңыз хабардар ма? Үмітімнің үзілгенін, бұл таңдауымның дұрыстығын біліп барып осындай қадам жасаған болатынымын. Ақ параққа қара қаламмен оқудан өз еркіммен шығатынымды ашып жазып бердім. Сол сәттен бастап жеңілдедім. Бәрі бітті.

Төртінші вагон, жиырма бесінші орын. Астана-Орал бағытындағы жүрдек пойыз. Аязда құр сүлдеріммен шықыр еткен ескі вагонның керуеліне құлады. Қандай

## Тоғызбден Тоғыстырған Тағдыр..

екі жыл тоздырыпты. Буырқанған ішкі күшім соңында өзінікін жасады.

Ақ халатты абзал жан, дәрігерлік Гиппократтық жол менікі емес... Тоғыз жүз қырық бесінші бөлме мені тығырыққа тіреп, бірнеше ай бойы қатарынан көз жазбай жүрегім дүрсілдеп, дегбірім қашып жүргенім ешкімге сездірмеуге тырысып, егер олай жасасам... Кейде адам тағдырында кездейсоқ, қапияда санаңнан тыс айтылатын сөздердің өмір етуі бар ғой. Басқа ешқандай амалым жоқ. Мені де еркімнен тыс күш терезеден итерді. Иә, итерді! Құламадым. Өлмедім. Санаммен алысып, күйреп, сол жерде қирап қалғанмын. Түсінесіз бе?! Жан-дүниең алай-дүлей боп, әлем саған қарсы, батпақта белшеңнен жүргеннен де ауыр.

Түнгі ұйқым өзіме кесел болып, тыныш мезгілден айырыла бастағаным жаным аяздай батты. Қанжар сұғып, қайта шығарғандай сезім. Көзім қызарып, аяғым

Теңселген күйі қырық үштің есігінен ентігіп кіріп, ең артқы орындыққа жайғастым. Жол бойы сендерді ойлаумен болдым әке-ана. Жанарыңнан мен үшін тамшы жас үзіліп түскенін қаламадым. «Неге мұңайып отырсың?» десе мөлтілдеп жыларман болуға дайын едім. Арманым мен соған жетер мақсатым бала шақта қалып қойғанына күйіндім. Әке, мен сенің ізіңді жалғап, сен бағындырып, баспаған сахнаны бағындыру керек едім ғой. Құлағым сіңіріп өскен, көзі көрген үлкендер айтқан: «Әкең Жұбан Молдағалиевтың алдында жыр оқып, «Мен қазақыңды» зор даусымен жырлаған». Балалары әлі олай айтпады дегені есімнен есте шығар емес. Сөйтіп отырғанда «Гоголь көшесі аялдамасы. Жолаушылар, түсеміз». Құлағым түрпідей тиетін бұл сөздер маған жауыр болғалы қашан? Қарағанды медицина университеті. Тағы да сен. Ақ халатымды киіп, екі жүз қырық бесінші аудиторияға келіп, химия пәнінен дәріс жаза бастадым.

жағдайда да өзегінен теппеген әкем мен анамды мейірлене құштым. Бақытты бола салдым. Ендігі мен жетер меже мен мақсатым, оған жасап келе жатқан әрекетім мен қадамдарым, әке, сенің ізіңді жалғау. Кішкентай бала Айбибінің арманына титтей де болсын зиян келтірмей, Алла берген өлшеулі ғұмырымда, бүгінгі күнде осы университетімнің соңғы курсың сәтімен аяқтап, мәртебелі ұстаз атына лайық тұлға болып, өз тарихи жолымды құру. Ұрпағымға үлгі болатын, ауыз толтырып айта алатын азаматша болу.

Алла қолдасын деген әдемі тілектемін. Әрбіріңіз өз арманыңызға адал болыңыз. Дүниенің, мансаптың артынан емес, жан қалауыңызды жасай отыра қоғам мен елім үшін не бере аламын деген сауалмен, сол мақсатқа ұмтылсаңыздар екен. Көңіл де, күн де әдемі болғай!

Айбибі ОЛЖЕКЕЕВА,  
ҚТӨ-45 тобының студенті



18-19 наурыз күндері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің спорт сарайында Білім кәсіподағының 100 жылдығына орай кәсіподақ мүшелері арасында облыстық VIII-ші «Денсаулық» спартакиадасы оздырылды.

Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы – «Өз – Наурыз!» Ұлттық мерекесімен қатар осынау айтулы күнде білім саласының кәсіподағына 100 жыл толуына арнайы осы жарысты ұйымдастырып, барлық білім саласының қызметкерлерінің басын қосып, ауызбіршіліктерін арттырып, салауатты өмір салтын насихаттап, кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жетілдіру мақсатында өзара сыйластық пен ұйымшылдыққа негізделген шараны өте жоғары деңгейде ұйымдастырып, қызықты өткізді.

Дәстүрлі түрде өткізілетін бұл жарысқа, еліміздің ғылымы мен білімін, мәдениетін дамытуда үлес қосып жүрген азаматтары, арнайы шақырылған педагогика саласының ардагерлері мен ұлағатты ұстаздар және кәсіподақ қозғалысының дамуына зор үлес қосқан ардагерлер қатысты.

Барлық аудандар мен қалалық және облыстық білім беру мекемелері, колледждер мен жоғарғы оқу орындарында іріктеу кезеңінен өткен, ең үздік деп танылған 18 құрама команда жарыста бақтарын сынады.

Алғы сөз сөйлеген Батыс Қазақстан облыстық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподақ төрағасы Марат Даупаев – Білім кәсіподағының 100 жылдығымен және VIII «Денсаулық» спартакиадасының ашылуымен құттықтап, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тілеп, алғысын білдірді. Сонымен қатар, шараның мәртебелі қонақтары Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы Айгүл Мыңбаева, М.Өтемісов атындағы БҚУ құрметті ректоры, тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Рысбеков, Батыс Қазақстан облысы Кәсіподақтар орталығының төрайымы Айгүл Есекенова және Орал қалалық білім беру бөлімінің басшысы Ақжарқын Темирхановалар жарысқа қатысушы құрама командаларға сәттілік тілеп, сөз алды.

Кәсіподақ тек қана еңбеккерлердің әлеуметтік – экономикалық және еңбек құқықтарын қорғаумен ғана шектелмей, салауатты өмір салтын насихаттауға ұдайы қолдау көрсетіп, бір ғасырға жуық тарихы бар білім кәсіподағының кәсіподақ

# Ұстаздармен өткен денсаулық спартакиадасы



саласына серпін беріп келе жатқаны атап өтілді.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері қоғамының құрметті төрағасы Олег Пимонов пен Ауған соғысының ардагері Рахим-Қажы Абдукаримов Ауған соғысына қатысқан ардагер-педагогтар мен қызметкерлерді құрметтеп, әр жыл сайын көңіл бөліп кездесу шараларын да ұйымдастыратынына зор алғыстарын білдіріп, Батыс Қазақстан облыстық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Марат Даупаевқа «Чернобыль және ЖЭ Одағының Ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің атынан «Парыз - Абырой - Отан» медалімен марапаттады.

Жылдағы дәстүрге сәйкес, жалпы

командалық есепте I орын алған командаға «Ақжайық» шипажайына демалуға тегін жолдама, II орын алған екі командаға, III орын иеленген үш командаға және ойынның 2 түрінен жеңімпаздарға, белсенді қатысқан барлық қатысушы командаларға 100 жылдық арналған естелік статуэткелер, кубок пен дипломдар және заттай сыйлықтар табысталды.

Екі күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша Волейбол ойынынан 3 орын – Жаңақала, 2-орын – № 47 қалалық мектебі, 1-орын – № 21 қалалық мектебі құрама командалары, Үстел теннисі ойынынан: 45 жастан жоғары ерлер арасында 3-орын – Т.Бигалиев, 2-орын – А.Зейнедден, 1-орын – А.Джумағалиев иеленді. Ал, 45 жасқа дейінгі ерлер арасында 3-орын – Д.Адиев, 2-орын – Э.Шамелов,

1-орын – А.Набиев иеленсе, әйелдер арасында 3-орын – М.Сейфулла, 2-орын – А.Мансурова, 1-орын – И.Шабдарова иеленді.

Жарыстың қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 3-орын – Жаңақала ауданы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Жәнібек аудандық құрама командалары иеленсе, 2-орынды – Бәйтерек ауданы және № 47 қалалық мектебі құрама командасы, 1-орынды – № 21 қалалық мектебі құрама командасы иемденді.

Өсем ән мен көңілді биге ұласқан кештің салтанатты жабылу сәтінен кейін кәсіподақ мүшелері естелік суреттерге түсіп, марқайып тарады.

Жеңісті күндеріміз көп болсын!

Нұрлан САМАТҰЛЫ

Казталов ауданында 2001-2005; 2005-2008 жылдар арасындағы жасөспірімдермен қол күресінен Батыс Қазақстан облысының чемпионаты өтті. Мақсаты – жастар арасындағы қол күрес спортын дамыту. Спортқа деген қызығушылығын арттырып, қол күресі спортын кеңінен насихаттау.

## ҚОЛ КҮРЕСТЕН ЖЕҢІМПАЗ

Жарыстың ашылу салтанатында Батыс Қазақстан облысы гир спорты және қол күресі федерациясының президенті Мұрат Ибатов жарысты ұйымдастырушыларға алғыс білдіре отырып, аудан әкімі Асланбек Сарқұловқа, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Берік Сергейұлына алғысхат пен сыйлықтарын табыстады. Жарыс нәтижесінде 60 келі салмақта Пдагогика факультеті дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Құдайберген Айдар I орын иеленді. Құттықтаймыз!



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27ВРҮ00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс №280

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Дильназ АМАНЖАНОВА, Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ, Зада БАҚТЫҒАЛИ, Айсейім АДІЛХАНОВА, Диана ХАСАН

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. тел.: 50-51-48, 51-41-99